



ЖЫЛДЫҚ
ЕСЕП
2019

МАЗМҰНЫ

1. «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі	4	10. Халықаралық ынтымақтастық	38
2. «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Басқарма Төрағасының үндеуі	6	11. «Жасыл» технологияларды коммерцияландыру	44
3. Орталық туралы	8	12. Экологиялық мәдениетті насихаттау	52
4. 2019 жылғы цифрмен берілген негізгі қорытындылар	14	13. Корпоративтік басқару	58
5. 2018–2019 жылдардағы басты оқиғалар	16	14. Тұрақты даму	70
6. Стратегия	18	15. Орталық қызметіне қаржылық-экономикалық шолу	76
7. «Жасыл» технологияларды дамыту	20	16. Аудит	78
8. Ең озық қолжетімді технологиялар	30	17. Қаржылық есептілік	80
9. Ғылыми-технологиялық даму және Ғылыми-техникалық кеңес	34	18. Байланыс деректемелері	81

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ОРТАЛЫҒЫ» КЕАҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Рахметов Нұрлан Құсайынұлы

Директорлар кеңесінің Төрағасы
(шілде 2019 – мамыр 2020)

Құрметті оқырман!

«Жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар халықаралық орталығы» КЕАҚ алғашқы жылдық есебін назарыңызға ұсынып отыр.

Біздің Орталық Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-ші мерейтойлық сессиясында ұсынған «Астана ЭКСПО-2017» көрмесінің инфрақұрылымы мен мұрасын дамыту жөніндегі жүзеге асырылған бастама-сымен, ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 27 сәуірдегі Қаулысымен құрылды.

Жекешелендіру процесінің нәтижесінде 2019 жылғы шілдеде Қазақстанның экологиялық ұйымдарының қауымдастығы 50%+1 акция үлесімен Орталықтың екінші акционері болды.

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің жаңа құрамын бекітті, оның құрамына акционерлердің өкілдеріне қоса мол басқарушылық тәжірибесі бар тұлғалар – тәуелсіз директорлар кірді. Біз Рамазан Жанпейісов басқаратын ХЖТИЖО Басқармасын құрдық.

Біздің командамыз инвестициялық қоғамдастықтың абырой-беделі мен сенімін нығайтатын корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесін енгізетініне сенімдімін.

Менің Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығының бірінші басшысы Рәпіл Жошыбаевқа алғыс айтқым келеді: оның зор құлшынысы және «Астана ЭКСПО-2017» көрмесінің комиссары мен кәсіби дипломат ретіндегі тәжірибесі ұтымды команда құруға және ауқымды міндеттерді іске асыруға мүмкіндік берді.

Құрылғаннан бергі аз ғана уақыт ішінде Орталық «жасыл» технологияларды насихаттайтын әлемдік қауымдастықта танылып үлгерді. Бірлескен жобаларды іске асыру және өз қызметімізді ілгерілету мақсатында біз әлемнің жетекші салалық орталықтарымен, халықаралық ұйымдармен, компаниялармен, «жасыл» технологиялар мен инвестицияларды тартуға маманданған қаржы және ғылыми-зерттеу институттарымен әріптестік қарым-қатынас орнаттық.

Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы UNIDO CleanTech Жаһандық инновациялық таза технологиялар бағдарламасының бас операторы, сондай-ақ WECOP жобасының Қоршаған ортаны және су ресурстарын қорғау саласындағы ЕО-Орталық Азия платформасының Ұлттық үйлестірушісі болды. Мұның бәрі халықаралық қауымдастықтың бізге деген сенімінің дәлелі.

Мемлекет басшысы бастаған «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасын ілгерілету аясында ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орталыққа бас оператор қызметін табыстады.

Экологиялық таза технологияларды жедел енгізуді ынталандыру мақсатында Қоғам ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыштық өнеркәсіп министрлігімен бірлесіп нысаналы технологиялық бағдарламалардың бірі шеңберінде ХЖТИЖО жанынан Greentech инновациялық кластерін құру мәселесін пысықтады.

Бүгінде Қазақстанның алдында тұрақты, балансталған ауқымды «жасыл» өсу міндеті тұр. Мемлекеттік қаржы мекемелері мен жеке сектор «жасыл» экономикаға көшу жөніндегі іс-шараларға қаражатты инвестициялауға қызығушылық танытуда. Алайда қоршаған ортаны қорғау және климаттың өзгеруі жөніндегі, сондай-ақ инвестиция-

ларды ынталандыру үшін жалпы қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі саясат шаралары Қазақстан Республикасының «жасыл» эконо-

Экологиялық таза технологияларды жедел енгізуді ынталандыру мақсатында Қоғам ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыштық өнеркәсіп министрлігімен бірлесіп нысаналы технологиялық бағдарламалардың бірі шеңберінде ХЖТИЖО жанынан Greentech инновациялық кластерін құру мәселесін пысықтады.

микасына көшу жөніндегі тұжырымдамада көзделген мақсаттар мен жобаларды қосымша қаржыландыруды жұмылдыру үшін жеткіліксіз.

Орталық акционерлермен бірге «жасыл» технологияларды пайдалануды ынталандыру бойынша бірқатар жаңа бастамалар ұсынды.

2019 жылдың соңында біз «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Даму стратегиясын бекіттік, оны іске асыру елдің «жасыл» экономикасының негізгі драйвері болуға мүмкіндік береді.

**Құрметпен,
Нұрлан Рахметов**

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ОРТАЛЫҒЫ» КЕАҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Жанпейісов Рамазан Көпесбайұлы

Басқарма Төрағасы

Қымбатты достар!

Есепті кезеңде акционер біздің Орталыққа 044 «Технологиялар мен үздік тәжірибелерді ілгерілету, бизнес пен инвестицияларды дамыту арқылы Қазақстанның «жасыл» экономикаға жылдам көшуіне ықпал ету» бюджеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен жасалған шартты орындау міндетін жүктеді.

Орталықтың қол жеткізген нәтижелері ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Қоғамдық кеңесіне ұсынылды.

Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бізге халықаралық тәжірибені зерделеуге, Қазақстанның I санатты кәсіпорындарының «жасыл» технологияларды енгізу дәрежесін бағалауға, энергетика саласы кәсіпорындарының ағымдағы жай-күйіне технологиялық зерттеу жүргізуге, «жасыл» технологиялар нарығын зерттеуге және оны дамыту жолындағы негізгі кедергілерді анықтауға мүмкіндік берді. Бұл жұмыс ХЖТИЖО 2020–2024 жылдарға арналған даму стратегиясын қалыптастыруға негіз болып қаланды.

Біз «жасыл» технологиялар нарығын дамытудың жолдары мен тетіктерін ұсындық.

«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ құрылымында өндірістік кәсіпорындардың ең озық қолжетімді технологиялар (ЕҚТ) қағидаттарына көшуі жөніндегі жұмысты ұйымдастыратын және үйлестіретін ЕҚТ бюросы құрылды. Ұлттық стандарттар – техникалық анықтамалықтарды әзірлеу жөніндегі жұмыс органы болып табылатын № 110 ЕҚТ бойынша техникалық комитет құрылды. Конкурстық негізде ұлттық және халықаралық сарапшылардың қатысуымен салалар бойынша тәуелсіз сарапшылар пулы құрылды.

Біздің ЕҚТ бюросы ең озық қолжетімді технологиялар мәселелері бойынша ЭЫДҰ сараптамалық тобының мүшесі болып табылады. Біз Ресей Федерациясының ЕҚТ бюросымен және Беларусь Республикасының ЕҚТ бюросымен ынтымақтастық туралы меморандумдар жасадық. Еуропаның ЕҚТ бюросымен консультациялық

көмек көрсету туралы уағдаластыққа қол жеткіздік.

Қоғам құрылымында құрылған Ғылыми-технологиялық даму (ФТД) және Ғылыми-техникалық кеңес (ФТК) кеңесі елдің «жасыл» дамуы мәселелері бойынша сараптамалық пікірлер мен ұсынымдарды ілгерілету мақсатында ғылыми-академиялық қауымдастықтың, ірі өндірістік секторлардың, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін, ҚР Парламенті Мәжілісі мен Сенатының депутаттарын біріктіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізеді. Осы саясатты жүзеге асыру үшін ФТК өзінің миссиясы мен стратегиялық жоспарларын тиімді іске асыру үшін Қоғам белгілеген алты бағыт бойынша жұмыс істейді.

2019 жылы коммерцияландыруға дайын «жасыл» технологияларды іздеу және анықтау жұмыстары жүргізілді. Жоғары оқу орындарымен және ғылыми орталықтармен, мамандандырылған компаниялармен және инновациялық даму институттарымен өзара іс-қимыл нәтижесінде «жасыл» технологиялар мен жобалардың деректер базасы құрылды. Бұдан басқа, «жасыл» технологиялардың дайындығының ерте сатыларында – әлеуетті стартап-жобалардың каталогы әзірленіп, талдау жүргізілді.

Бүгінде Орталықтың деректер базасына 3 009 «жасыл» патент, 300-ден астам «жасыл» технологиялар мен жобалар енгізілген.

Осылайша, біз шетелдік озық технологиялар трансфертімен ғана айналысып қоймай, қазақстандық әзірлеушілердің әлеуетін іске асыруға ықпал етеміз.

Орталықтың қол жеткізген нәтижелері ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Қоғамдық кеңесіне ұсынылды

ХЖТИЖО халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға елеулі үлес қосады. Орталықтың барлық жұмысы «жасыл» технологияларды енгізу бойынша ақпараттық-насихаттау іс-шараларын жүргізумен сүйемелденеді. ХЖТИЖО қызметкерлерінің және біздің серіктестеріміздің жобалар мен ивенттерге қатысуы БАҚ-та және әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланады.

Біздің жүргізген жұмыстарымызбен және біздің жоспарларымызбен назарларыңызға ұсынылып отырған есептен таныса аласыз.

Орталықтың командасы елдің «жасыл» экономикаға көшуін ынталандыруға барлық күш-жігерін жұмсайды. Біз әріптестерімізбен бірге және акционерлердің қолдауымен «жасыл» технологияларды енгізудің қазақстандық жобаларына инвестиция тартуға ықпал ететін боламыз.

**Ізгі ниетпен,
Рамазан Жанпейісов**

ОРТАЛЫҚ ТУРАЛЫ

*«Президент Нұрсұлтан Назарбаев
2017 жылы іске қосқан Халықаралық жасыл
технологиялар орталығы Қазақстанға
осы міндеттерді бүкіл әлемде басқаруға
мүмкіндік беретін тамаша құрал
болатынына сенімдімін»*

*ПАН ГИ МУН, Жаһандық «жасыл» өсу
институтының Төрағасы, Global Challenges
Summit 2018 сесиясында*

IGTIC

58

кәсіпорын энергетика
саласында зерттелді

45

сарапшы Ғылыми-техникалық
кеңестің құрамында

ОРТАЛЫҚ ТУРАЛЫ

«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (КЕАҚ) ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 27 сәуірдегі Қаулысымен құрылды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш

Орталықтың негізгі қызметі «жасыл» технологияларды ілгерілету үшін жағдай жасау, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайту үшін бизнесті қолдау болып



Президенті Нұрсұлтан Назарбаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-ші мерейтойлық сессиясында «Астана ЭКСПО-2017» көрмесінің инфрақұрылымы мен мұрасы базасында Орталық құру туралы идеяны ұсынды.


Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қоғамды мемлекет атынан акционер құқығымен басқарады. КЕАҚ акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне тиесілі.

Жекешелендіру процесінің нәтижесінде «Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі 2019 жылғы шілдеде 50% + 1 акция үлесімен Қоғамның екінші акционері болды.

табылады. Орталықтың қызметі «жасыл» бизнеске көшу, «жасыл» технологиялар мен үздік тәжірибелерді трансферттеу мен бейімдеу, «жасыл» қаржыны және басқа да инвестицияларды ынталандыратын шараларды дамыту жөніндегі міндеттерді шешуге бағытталған.

Қоғамның тағы бір маңызды міндеті – ірі кәсіпорындардың қызметінен болатын қоршаған ортаға теріс әсерлерді айтарлықтай азайту мақсатында ең озық қолжетімді технологиялар қағидаттарына көшу процесін сүйемелдеу болып табылады. ЕҚТ-ға көшу қағидаттары мен тетіктері әлемнің неғұрлым дамыған экономикаларында (ЭЫДҰ елдерінің тобы) іске асырылды. Орталық құрылымында құрылған ЕҚТ бюросы ең үздік әлемдік тәжірибені Қазақстан өнеркәсібінің жағдайларына бейімдейді.

«ХЖТИЖО» КЕАҚ ұйымдық құрылымы



«ХЖТИЖО» КЕАҚ Басқармасының 2020 жылғы 20 қаңтардағы шешімімен бекітілді, № 1-хаттама

Қоғамның бизнесті қолдау жөніндегі қызметі келесі бағыттарды дамыту үшін гранттық қаржыландыруды тарту арқылы «жасыл» технологияларды енгізетін кәсіпорындарға көмек көрсетуге бағытталған:

- энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, энергетикалық сервис;
- жаңартылатын энергия көздерін енгізу, оның ішінде автономды энергиямен жабдықтау қажеттіліктері үшін;
- экологиялық таза көлік;
- «жасыл» құрылыс.

Орталық дүниежүзілік қоғамдастыққа 2018 жылғы 17 мамырда Астана экономикалық форумы – Global Challenges Summit 2018 барысында таныстырылды.

Орталық «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің идеологиялық жалғасы болып табылады, ал оның қызметі «жасыл» экономиканы дамыту саласында әлемдік қауымдастықпен стратегиялық әріптестік қатынастарды орнатуға бағытталған. Сонымен қатар, Орталық «жасыл» технологияларды енгізу бойынша қазақстандық жобаларға инвестиция тартуға ықпал етеді.

Бүгінде Қоғам «жасыл» технологиялардың ірі мегаполистердегі: Шанхай, Сеул, Копенгаген, Пекин, Дубай және Токиодағы салалас ұйымдарымен ынтымақтастық жүргізеді. Біз жаңа технологияларды өндіруші компаниялармен тиімді әріптестік жасау және бірлескен жобаларды іске асыру туралы уағдаластықтарға қол жеткіздік.

БІЗДІҢ СЕРІКТЕСТЕРІМІЗ:



2019 ЖЫЛҒЫ ЦИФРМЕН БЕРІЛГЕН НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР



өзара ынтымақтастық туралы

80

меморандум мен келісім

270,000

АДАМ, 2019 ЖЫЛЫ БАҚ АРҚЫЛЫ «ЖАСЫЛ»
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЕНГІЗІЛГЕНІ
ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТІЛДІ

350+

мақала мен репортаж,
«жасыл» экономика
саласындағы
мемлекеттік саясатты
насихаттау тақырыбында
қазақстандық және
шетелдік БАҚ-та
жарияланды

45

сарапшы – Ғылыми-техникалық
кеңестің құрамында, олардың ішінде
инженерия саласының ғалымдары,
мемлекеттік қайраткерлер, ҚР Мәжілісі
мен Парламентінің депутаттары, өндіріс
мамандары, «Атамекен» ҰКП бизнес өкілдері
бар

2,554

САНАТТЫ ІРІ КӘСІПОРЫН, ӨНДІРІСТІК
ПРОЦЕСТЕ «ЖАСЫЛ» ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ
ҚОЛДАНУ ТҮРҒЫСЫНДА ТАЛДАНДЫ

58

кәсіпорын, энергетика
саласының кәсіпорындары
ең озық қолжетімді
технологиялар қағидаттарына
көшу мүмкіндігі тұрғысында
зерттелді

2018–2019 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАСТЫ ОҚИҒАЛАР

Сәуір, 2018 жыл

27-ci – «ХЖТИЖО» КЕАҚ құру туралы ҚР Үкіметінің Қаулысына қол қойылды.

19-20-сы – ҚХР ұйымдарымен және компанияларымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар мен келісімдер жасалды:

- *Еуразия Халықаралық Ғылым Академиясының Ғылыми Орталығымен*
- *ҚХР Технологиялық даму орталығымен*
- *Жолдар мен көпірлерді салу жөніндегі қытай корпорациясы (CRBC)*
- *China National Corporation for Overseas Economic Cooperation*
- *CEC Environmental Protection Co., Ltd*
- *Creative Service Investment Ltd*
- *CEC Environmental Protection Co., Ltd*
- *Jiuhe SilkBridge New Energy Co. Ltd*

Мамыр, 2018 жыл

XI Астана экономикалық форумы шеңберінде «Жасыл» экономика: тұрақты өсудің жаңа моделі» бөлек панельдік сессиясы өтті.

Кореяның «Жасыл» технологиялар орталығымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Желтоқсан, 2018 жыл

«Қазақстанның ЕҚТ қағидаттарына көшуі: жай-күйі және перспективалары» халықаралық конференциясы өтті

Қаңтар, 2019 жыл

11-14-i – Орталықтың басшысы Жаңартылатын энергетика жөніндегі халықаралық агенттіктің Ассамблеясына (IRENA) және «Болашақ энергиясы» саммитіне қатысу үшін Абу-Даби (БАӘ) қаласына сапармен барды. Іс-шара аясында IRENA Бас директорымен және Masdar Шығыс Еуропа, Орталық Азия және Ресей бойынша Бас директорымен екіжақты кездесу өтті, кездесу барысында тәжірибе алмасу, халықаралық агенттіктің сараптамалық әлеуетін пайдалану және Қазақстанда «жасыл» жобаларды іске асыру үшін техникалық және қаржылай көмек көрсету мүмкіндіктерін пайдалану бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол жеткізілді. 14 қаңтарда ХЖТИЖО мен IRENA арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

17-i – Қазақстанның экологиялық ұйымдарының қауымдастығымен бірлесіп ОКҚ ЕҚТ енгізу және «жасыл» рейтинг бойынша брифингі өтті.

24-25-i – «ЕО-Орталық Азия Қоршаған орта және су ресурстары саласындағы ынтымақтастық жөніндегі VI Жоғары дәрежелі конференциясы» қорытындысы бойынша Ташкент қаласында (Өзбекстан) ХЖТИЖО-ны Орталық Азиядағы Wescoor2 ынтымақтастық платформасының Ұлттық үйлестірушісі, сондай-ақ ЭЫДҰ Орталық Азиядағы ең озық қолжетімді технологияларды енгізу жөніндегі Ұлттық үйлестірушісі етіп тағайындау туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

24-i – Азия және Тынық мұхитқа арналған экономикалық және

әлеуметтік комиссия жобасымен (United Nations Economic and Social Commission for Asia and the Pacific) бірлесіп «Қазақстандағы тұрақты қалалық инфрақұрылым: «жасыл» құрылыс көрсеткіштері» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

28-29-i – Вена қаласында (Австрия) өткен «Энергетика саласындағы ынтымақтастық, жаңа технологияларды енгізу, цифрлық дәуірде тиісті басқару мен өзара байланысты қамтамасыз ету арқылы ЕҚЫҰ аймағындағы экономикалық прогреске және қауіпсіздікке жәрдемдесу» тақырыбында ЕҚЫҰ 27-ші экономикалық-экологиялық форумы шеңберінде ЮНИДО Еуропа және Орталық Азия елдерінің өңірлік бағдарламалар бюросы, Австрияның Экономика және цифрландыру министрлігінің Шығыс және Оңтүстік Еуропа, Орталық Азия бойынша басқармасы өкілдерімен «жасыл» экономика саласында тәжірибе алмасу бойынша кездесулер өткізілді.

Ақпан, 2019 жыл

18-i – Төмендегі ұйымдармен бизнес-идеяларды және алдыңғы қатарлы «жасыл» технологияларды дамытуды қолдауға, білім беру, ғылыми-зерттеу, экологиялық, ақпараттық және консультациялық-сараптамалық қолдау саласындағы ынтымақтастыққа қатысты тәжірибе алмасу бойынша меморандумдарға қол қойылды:

- *Қырғыз Республикасының «JIA Бизнес Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігімен;*
- *«Қырғыз Республикасын қаржыландыруды тұрақты дамыту институты» қоғамдық қорымен.*

Сәуір, 2019 жыл

12-ci – Орталық базасында EO WECOOP ауа мен су сапасын басқару бойынша жобасымен бірлескен семинарлар ұйымдастырылды.

Мамыр, 2019 жыл

13-i – Елбасы Н.Ә. Назарбаев Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығына сапармен келді.

16-сы – XII Астана экономикалық форумының «Жасыл өсу үшін инновациялық экожүйелер құру: ғылым, білім және технологиялар» тақырыбында өткен панельдік сессиясы шеңберінде Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы және төмендегі ұйымдар арасындағы өзара ынтымақтастық туралы 4 меморандумға қол қойылды:

- *Неміс энергетикалық агенттігі (Dena);*
- *Жаһандық Жер Фестивалі;*
- *GLOBEX Германия кәсіпкерлер одағы;*
- *Қазақстан Республикасының технологияларды коммерцияландыру жөніндегі кәсіпқойлар альянсы.*

Маусым, 2019 жыл

5-6-сы – Jasy Jol алғашқы қазақстандық электромобильдердің автошеруі «Нұр-Сұлтан – Бурабай – Нұр-Сұлтан» бағыты бойынша ұйымдастырылды және БҰҰДБ қазақстандық кеңсесінің қатысуымен Дүниежүзілік қоршаған орта күні шеңберінде электр көлігі инфрақұрылымын дамыту мәселелері бойынша дөңгелек үстел өтті.

19-20-сы – БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымымен ниеттер туралы хатқа (ФАО) қол қойылды және ArchEnerg өнеркәсіптік кәсіпорындары кластерінің өкілдерімен кездесулер өткізілді.

Қыркүйек, 2019 жыл

6-8-i – Astana Innovations-пен бірге Startup Weekend Green Tech «жасыл» технологияларының инновациялық байқауы ұйымдастырылды.

Қазан, 2019 жыл

11-i – Алматы қаласында Алматы облысының өнеркәсіптік кәсіпорындары/эмитенттерінің өкілдерімен кездесуде сауалнама жүргізу (кәсіпорындарды талдау), «жасыл» технологиялар тізілімін әзірлеу және Қазақстанның ЕҚТ қағидаттарына көшуі бойынша мемлекеттік тапсырманы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

24-i – Лондонда 3-ші Қазақстан-Британ инвестициялық форумы барысында халықаралық ынтымақтастықты дамыту, «жасыл» жобалар мен технологияларды енгізу жөніндегі бастамалар бойынша Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығының қызметі таныстырылды.

Қараша, 2019 жыл

6-8-i – Қазақстан делегациясының Монакодағы Жер фестиваліне қатысуы аясында 2020 жылы Қазақстанда Орталық Азия елдерінің халықаралық экологиялық іс-шараларын өткізу туралы келісім жасалды.

11-i – ХЖТИЖО және Private Financing Advisory Network әрі қарайғы өтінім беру және бизнес-жобаларды дайындау үшін экологиялық таза энергия және Қазақстандағы климаттың өзгеруіне бейімдеу саласындағы жобаларды іріктеу басталғаны туралы жариялады.

Желтоқсан, 2019 жыл

6-сы – «Қазақстан мен Германия: экономикалық ынтымақтастықтың жаңа кезеңі» Берлин Еуразиялық Клубының 28-ші мәжілісі алаңында өңірлік біліктілікті арттыру орталығы дәрежесінде әрекет ететін ХЖТИЖО және RENAC Берлин жаңартылатын энергия көздері академиясы арасындағы меморандумға қол қойылды.

24-i – «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен Қоғамның 2020–2024 жылдарға арналған даму стратегиясы бекітілді.

14-15-i – «Таза болашақ құру» I Халықаралық «жасыл» технологиялар жөніндегі конференция өткізілді.

14-i – Алматы облысы Панфилов ауданында «Sonnenenergie» АҚ чех компаниясының қатысуымен және ХЖТИЖО қолдауымен 100 МВт КЭС салу жобасы бойынша келісімге қол қойылды.

29-ы – ХЖТИЖО қызметі «Еуразиялық экономикалық интеграция» тақырыбында өткен жыл сайынғы XIV халықаралық конференция барысында таныстырылды.

29-ы – ХЖТИЖО Ғылыми-техникалық кеңесінің бірінші мәжілісі өтті.

СТРАТЕГИЯ

«Әлемде «жасыл» технологиялар мен инвестицияларды кешенді қолдау жөніндегі халықаралық құрылымдардың өте аз екенін ескере отырып, қауымдастық мүшелері мен қазақстандық кәсіпкерлер Орталықтың «жасыл» бизнес үшін «бірыңғай терезе» және шетелдік инвесторлар үшін сенімді серіктес болатынынан үміттенеді».

ӘЛИЯ НАЗАРБАЕВА, Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы президиумының Төрағасы, *Global Challenges Summit 2018* сессиясында



«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының 2019 жылғы 24 желтоқсандағы шешімімен Қоғамның 2020–2024 жылдарға арналған даму стратегиясы бекітілді.

Миссия

Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін, халықтың өмір сүру сапасын арттыру және қоршаған ортаға теріс әсерді төмендету үшін «жасыл» технологияларды ілгерілету және бизнесті қолдау.

Пайым

«Жасыл» технологиялар нарығының ұлттық үйлестірушісі және «жасыл» өсу саласындағы танылған халықаралық әріптес.

Мақсаттар

Қазақстан Республикасында «жасыл» технологиялар нарығын дамыту үшін жағдай жасау

Қазақстан Республикасының ең озық қолжетімді технологиялар қағидаттарына көшуіне ықпал ету

Жасыл қаржыландыруды тарту, тәжірибе алмасу және технологиялар трансферті бойынша танылған халықаралық әріптес болу

Міндеттер

- Қазақстандық «жасыл» технологиялар мен жобаларды қазіргі жағдайларға бейімдеу;
- «жасыл» бизнестің дамуына жәрдемдесу;
- «жасыл» технологияларды коммерцияландыру.

- ЕҚТ қағидаттарына көшу шеңберінде нормативтік-техникалық және құқықтық базаны әзірлеу;
- ЕҚТ бойынша техникалық комитетті құру, ЕҚТ бойынша салалық техникалық анықтамалықтарды әзірлеу және ҚР ұлттық стандарты ретінде бекіту жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;
- ЕҚТ қағидаттарына көшу мәселелері бойынша мүдделі тараптар үшін консультациялық, әдіснамалық және практикалық көмек көрсету, оқыту семинарлары мен тренингтер өткізу.

- Орталықты халықаралық климаттық қорлар мен ұйымдардың аккредиттеуі;
- Халықаралық жобалар мен бағдарламаларды іске асыру;
- Тұрақты даму саласындағы халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау, оның ішінде тәжірибе алмасу және Орталықтың сараптамалық әлеуетін арттыру.

Қолдау бағыттарының мақсаттары

- «Жасыл» экономика қағидаттарын ақпараттық ілгерілету;
- «Жасыл» технологиялар саласында ғылыми-зерттеу платформасын қалыптастыру;
- Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру.

«ЖАСЫЛ» ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУ

IGTIC
INTERNATIONAL GREEN TECHNOLOGIES & INVESTMENT CENTER

«Кәсіпорындардың энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуіне, сондай-ақ энергия өндірушілердің жұмысының тиімділігі мен экологиялылығына қойылатын талаптарды арттыру қажеттілігі, бизнесті «жасыл» технологияларға инвестициялауға ынталандыру қажеттілігі атап көрсетіледі»

Нұрсұлтан Назарбаев 2018 жыл

«ЖАСЫЛ» ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДАМУЫ: ӘЛЕМДІК ҮРДІСТЕР



Әлем елдерінің тұрақты дамуына тепе-теңдікті құру арқылы ғана емес, экономикалық өсу, қоршаған ортаны сақтау және тең құқықты қоғамның дамуы арасындағы өзара тиімді симбиозды қамтамасыз ету арқылы қол жеткізіледі және ол технологиялық прогресс дәрежесіне де байланысты. Электр көлік түрлері мен ақылды үйлерді қоса алғанда, тұтас қалаларды көмірсутектен тәуелсіз энергетикамен қамтамасыз ету бойынша салыстырмалы түрдегі жаңа мүмкіндіктер бүкіл әлемде «жасыл» технологияларға сұраныстың жылдам өсуіне алып келді.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ӘЫДҰ) жіктелісіне сәйкес «жасыл» технологиялар мынадай салаларды қамтиды:

- жалпы экологиялық басқару (қалдықтарды басқару, судың, ауаның ластануына қарсы күрес, жерді қалпына келтіру);
- жаңартылатын көздерден энергия өндіру (күн энергиясы, биоотын және басқалары), климаттың өзгеру салдарын жұмсарту, атмосфераға зиянды шығарындыларды азайту, отынды пайдалану тиімділігін, сондай-ақ ғимараттар мен тұрмыстық аспаптардың энергия тиімділігін арттыру.

Осы терминнің айналасында бүкіл әлемде пікірталастар туып отыр. Мысалы, Шығыс елдерінде «жасыл» технологиялар ұғымын пайдалану қабылданған, ал батыс елдері «экологиялық қауіпсіз технологиялар», «таза технологиялар», «төмен көміртекті технологиялар» және т. б. сияқты неғұрлым ерекше терминологияны қолданады. Қағида бойынша, жасыл технологиялар мынадай белгілермен сипатталады: (1) энергия мен ресурстарды пайдаланудың жоғары тиімділігі; (2) қайталама ластағыштардың пайда болмауы; (3) жаңартылатын энергия көздерін және/немесе материалдарды пайдалану; (4) адам денсаулығы мен экожүйеге жағымды әсер ету.

«Жасыл» технологияларды әзірлеу және енгізу климаттың өзгеруінен болатын зардаптарды жеңілдету және оларға бейімдеу, энергия мен ресурстарға сұранысты арттыру, сондай-ақ қалдықтарды басқарудың тұрақты жүйесін құру сияқты бірқатар маңызды проблемаларды шешу үшін салауатты қоршаған ортаны қамтамасыз етудің тиімді әдісі болуға тиіс. «Жасыл» технологиялар көміртекті қажетсізінді төмендетуге, энергия тиімділігі мен ресурс тиімділігін арттыруға, сондай-ақ қоршаған ортаның деградациясының алдын

алуға ықпал етуі мүмкін. Ресурстардың жетіспеу тәуекелін азайту және тұрақты даму мақсаттарына (ТДМ) қол жеткізуді бір мезгілде іске асырған кезде «жасыл» технологияларды табысты қолдану қоршаған ортаның сапасын, адамдардың әл-ауқатын жақсартуға және әлеуметтік әділдіктің орнауына жол ашуы мүмкін. «Жасыл» технологияларды енгізу бүкіл әлемде «жасыл» экономиканы ілгерілетуде маңызды рөл атқарады.

«Жасыл» технологиялардың негізгі бөлігі салыстырмалы түрде біршама ғана елде өндіріледі, ол елдер «жасыл» технологиялардың әртүрлі түрлеріне маманданған. Кейбір елдер энергетикалық стратегияны іске асыру шеңберінде энергияның бір баламалы көзіне көңіл бөледі. Мысалы, Германия мен Жапония күн энергиясын өндіру бойынша әлемде жетекші орынға ие болуға ұмтылуда, Ұлыбритания теңіз жел электр станцияларын дамытуға инвестиция салып жатыр, ал Бразилия өзінің ауыл шаруашылығы әлеуетінің арқасында биоотынды пайдалана отырып, экономиканы табысты құрып отыр. Әлемде жасыл технологияларды ауқымды енгізу жасыл қаржыландыруды дамытудың негізіне айналды, оған мынадай құралдар кіреді: жасыл кредиттер, жасыл облигациялар, жасыл банктер және жасыл қорлар. Көптеген

елдерде «жасыл» қаржыландыруды дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылады.

Мысалы, 2018 жылы «жасыл» бонд нарығының көлемі бойынша мына мемлекеттер көшбасшы болды: АҚШ – \$45 млрд., Қытай – \$31 млрд., Франция – \$14 млрд., Германия – \$7,6 млрд және Голландия – \$7,4 млрд. АҚШ-тың «жасыл» бонд саласындағы көшбасшылығына қарамастан, 2018 жылы «жасыл» энергетикаға инвестиция көлемі бойынша Қытай әлемдік біріншілікті иеленді. ҚХР-дағы жиынтық салымдар (яғни қуаттарды іске қосу, ғылыми әзірлемелер, мемлекеттік және жеке қаржыландыру) \$91,2 млрд. құрады – бұл АҚШ-тың инвестициясынан екі есе көп және әлемдегі жалпы инвестициялардың үштен бір бөлігін құрайды.


Дүниежүзінде көптеген үкіметтер ластаушыларды және парниктік газдарды азайтуға күш салады. Компанияларға климаттық қауіпсіздік саласында қойылатын талаптар да күшеюде. Көмірсутекті энергия көздері уақыт өте келе сарқылады, ал жаңартылатын энергия көздері анағұрлым тиімді әрі қолжетімді бола бермек. Сондықтан «жасыл» қаржыландырудың өсуі жалғаса береді.

Қазақстанда «жасыл» технологиялар нарығын дамыту

Климат бойынша Париж келісіміне қосылғаннан кейін Қазақстан атмосферада парниктік газдардың құрамын азайту бойынша қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қолда бар барлық мүмкіндікті пайдалануға міндеттенді. Осыған байланысты тиісті инфрақұрылымды құру және «жасыл» технологиялар нарығын дамыту қажеттілігі туындап отыр.


Қазақстан орнықты даму үшін алғышарттар жасау жөніндегі ұлттық және регламенттелген бағдарламалар мен стратегияларды қабылдады. Біздің республикамыз бірқатар заңнамалық құжаттарды, оның ішінде Экологиялық кодексті, Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңды және «жасыл» экономикаға

Өңірлерде іске асырылатын Пост-ЭКСПО-2017 ескере отырып, Қазақстан Республикасының өңірлері тұрғысында экономика салалары бойынша жасыл технологияларды саралау



* 5.12.2019 жылғы жағдай бойынша ХЖТИЖО мәліметтері

Қазақстанда іске асырылып жатқан Пост-Экспо-2017 технологиялары



ЖЭК
Энергия тиімділігі
Қалдықтарды басқару

көшу тұжырымдамасын қабылдау арқылы «жасыл» өсуге көшу үшін ұйымдастырушылық-құқықтық негіз құрған Орталық Азиядағы алғашқы ел болып отыр.

Қазақстанда жаңартылатын энергия көздері нарығы шапшаң қарқынмен дамып келеді. 2019 жылдың соңындағы жағдай бойынша елімізде жалпы белгіленген қуаты 1030 МВт болатын 90 ЖЭК объектісі жұмыс істейді, мұның өзі бір жыл бұрынғы – 531 МВт көрсеткішінен екі есе жоғары. ЖЭК объектілерінің қатарына 19 жел, 31 күн, 37 су электр станциясы және 3 биоэлектр станциясы кіреді.


2019 жылы Орталық «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесінде іріктелген технологияларды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының «жасыл» технологияларды пайдаланатын кәсіпорындарына мынадай секторлар

тұрғысында талдау жүргізді: қалдықтар, жаңартылатын энергия көздері, парниктік газдар, мұнай-газ, тау-кен металлургия, көмір, өңдеуші және басқа салалар.

Жүргізілген талдау нәтижелері Қазақстан Республикасының зерттелген өңірлерінде «жасыл» технологияларды пайдаланатын кәсіпорындардың үлесі олардың жалпы санының 1,6%-ын құрайтынын көрсетті.

Осылайша, Қазақстан Республикасында бүгінгі күні мынадай сегменттер бойынша 380 технология іске асырылды: 161 – қалдықтарды басқару саласында, 99 – ЖЭК саласында, 84 – энергия тиімділігі саласында, 24 – шаң тұту бойынша, 4 – АӨК, 3 – мұнай және газ өндіру саласында, 3 – «жасыл» құрылыста және 2 – тау-кен металлургия саласында.

Қазақстан Республикасында енгізілген «жасыл» технологиялар



* 5.12.2019 жылғы жағдай бойынша ХЖТИЖО деректері

2017 жылы өткен «Астана ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі Қазақстанда «жасыл» технологиялар нарығын дамытуға түрткі болды. Осы көрменің қорытындысы бойынша қазіргі уақытта Ақтөбе (5), Солтүстік Қазақстан (5), Павлодар (4), Алматы (1), Ақмола (1), Қарағанды (2), Қостанай (3), Атырау (1) облыстарында, сондай-ақ Нұр-Сұлтан (2) және Шымкент (1) қалаларында жобалар іске асырылуда.

Республикада «жасыл» технологиялар нарығының әлеуеті әлі толық көлемде ашылмаған және мүмкіндіктері зор (өндіріс, қайта өңдеу, қызмет көрсету, жасыл қаржыландыру, экспорт және т.б. салалар). Бүкіл әлемде «жасыл» технологиялардың дамуы қарқын алып келе жатқанын ескерсек, Қазақстанда оған деген сұраныстың төмендігінің себебі неде және экономикалық ынталандыру шараларының

қолжетімділігі мен тиімділігі қай дәрежеде деген сұрақ туындайды.

Кәсіпорындарды талдау нәтижелері бойынша және халықаралық тәжірибені ескере отырып, Орталық «жасыл» технологиялар нарығын дамыту жолындағы негізгі кедергілерді анықтады:

- «жасыл» технологиялар, «жасыл» жобалар және оларды жіктеу (таксономия) бойынша әдістеме мен терминологияның жоқтығы;
- «жасыл» технологияларды енгізу, жасыл жобаларды қаржыландыру бойынша нақты статистикалық ақпараттың жоқтығы;
- «жасыл» қаржыландыруды тарту тетіктерінің жоқтығы;
- «жасыл» технологияларды енгізу үшін бизнесті қолдаудың ынталандыру шаралары нашар;
- кәсіпкерлер «жасыл» технологиялар туралы жеткілікті деңгейде хабардар

болмағандықтан, оларды сатып алмайды және енгізбейді;

- «жасыл» технологиялар саласында білікті кадрлардың – экологтар, экономистер, инженер-технологтардың жетіспеушілігі;
- бейіндік университеттер «жасыл» технологиялар бойынша оқыту бағдарламаларын толық меңгермеген;

Осы себептердің көпшілігі төмен көміртекті экономикаға көшудің бастапқы сатысында тұрған елдерге тән.

Қазақстанда «жасыл» технологияларды енгізу және кеңінен қолдану әртүрлі салада, оның ішінде нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру, кедергілерді жою және



- «жасыл» технологиялар нарығына қатысушылар үшін қолайлы бірыңғай алаңның болмауы (инвесторлар, технологиялар мен жабдықтардың иелері мен әзірлеушілері, жеткізушілері, бизнес, мемлекеттік және жеке экономика квазисекторлары және т. б.);
- тұтастай алғанда «жасыл» технологиялар нарығының бірыңғай үйлестірушісінің жоқтығы.

институционалдық және экономикалық ынталандыруды енгізу кезінде үйлестірілген іс-қимылдарды талап етеді.

Уақыт өте келе отандық кәсіпорындар «жасыл» технологияларға көше бастайды және дамыған елдердің тәжірибесі «жасыл» салалардың тез дамуына ықпал ететін болады. Әзірге «жасыл» технологиялар елімізге өз әзірлемелеріміздің есебінен емес, шетелдік технологиялар трансферті есебінен келеді.

Біздің бастамаларымыз

2019 жылы Орталық Қазақстанда «жасыл» технологияларды одан әрі тиімді дамытуға бағытталған бірқатар бастамаларды ұсынды:

- **«Жасыл» технологиялар мен оларды енгізу жөніндегі жобалар бойынша статистикалық деректердің жүйеленген, толықтырылатын және нақтыланатын жиынтығын – «Жасыл» технологиялар тізілімін қалыптастыру және жүргізу;**

Осы Тізілімнің мақсаты – «жасыл» қаржыны ынталандыру және тарту тетіктерін іске асыру үшін «жасыл» технологияларды және оларды енгізу жөніндегі жобаларды есепке алудың ашық жүйесін енгізу. Тізілім ҚР өңірлерінде барлық технологияларды қолдану, енгізу және жаңғырту процесінің мониторингін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ол электрондық (цифрлық) форматта жүргізіледі және көпшілікке қолжетімді болады. Әрбір технология үшін ол туралы көпшілікке ұсынылатын барлық мәліметтер берілген дерекнама жүргізілетін болады. Тізілімнің негізгі функциясы «жасыл» технологиялар мен оларды өндірушілер туралы ақпаратты ашық ұсыну кепілдігі болып табылады.

- **Өңірлерде «жасыл экономиканы» дамыту прогресін өлшеуге бағалау жүргізуді енгізу;**

Осы мақсатта «Жасыл экономиканың» даму прогресін өлшеуді бағалау бойынша әдістеме жобасы әзірленді. Бағалау нәтижесі облыстардың елдің «жасыл» өсуіне қосқан үлесін, сондай-ақ болашақта өңірлерде «жасыл» технологияларды дамыту жөніндегі перспективалық бағыттарды көрсетеді.

Бағалау шеңберінде табиғи ресурстарды жауапты пайдалану және халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыруды қоса алғанда, ел өңірлеріндегі экономикалық

және экологиялық проблемаларды шешуге кешенді тәсілді ескеретін өңірлердің рейтингін жүргізу ұсынылады.

Қазіргі уақытта өңірлерде «жасыл» экономиканың даму прогресін өлшеуге бағалау жүргізу ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті қадағалайтын барлық көрсеткіштердің өңірлік градацияға ұшырауына байланысты күрделенген, бұдан басқа, енгізілген «жасыл» технологиялар бойынша статистикалық ақпарат жоқ.

Осыған байланысты Орталық екі жаңа көрсеткіш енгізуді ұсынды:

- **енгізілген технологиялардың тиімділік көрсеткіштерін қоса алғанда, ҚР өңірлерінде енгізілген «жасыл» технологиялардың/жобалардың саны;**
- **«жасыл» технологиялар жобаларын жергілікті бюджеттен қаржыландыру көлемі.**
- **Экологиялық кодекске «жасыл» технологиялар мен қолдау тетіктерін айқындауға қатысты түзетулер енгізу**

«Жасыл» технологияларды табысты енгізу және кеңінен қолдану тиімді нормативтік-құқықтық базаға негізделуге тиіс. Қазіргі уақытта Қазақстанда «жасыл» немесе экологиялық таза технологиялар анықтамасы заңнамалық деңгейде бекітілмегенін ескере отырып, Орталық Экологиялық кодекстің жаңа редакциясының жобасына бірқатар түзетулер, оның ішінде «жасыл» технологиялар мен оларды экономикалық қолдау тетіктерін анықтауға қатысты түзетулер енгізді.

Өндірістік процеске енгізу қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейін (өндірілетін өнімнің

толық өмірлік циклін ескере отырып) едәуір азайтуға мүмкіндік беретін технологияларды «жасыл» деп түсіну ұсынылады. Бұдан басқа, олар тұрақты дамуға бағытталуы тиіс.

Технологияларды «жасыл» деп тану ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен олардың стандарттарға сәйкестігін растау

заңнамалық тетіктерін бекіту «жасыл» жобалар үшін қаржыландыруды одан әрі дамыту және тартуға берік іргетас болып қаланады.

«Жасыл» технологияларға жатқызу критерийлерін көрсететін ұлттық стандартты әзірлеу және бекіту



жолымен жүзеге асырылуы тиіс. Мұндай технологиялар «Жасыл» технологиялар тізіліміне енгізілуі тиіс.

Мемлекеттік қолдау тетіктері қоса қаржыландыру, жеңілдікті кредиттер, кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені және жасыл облигациялар бойынша купондық мөлшерлемені субсидиялау сияқты жасыл қаржыландырудың әртүрлі құралдарын қолдану арқылы нақты жасыл жобаларға ғана қолданылуы тиіс. Қазақстан кәсіпорындарында «жасыл» технологияларды пайдалануды ынталандыруды жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алу рәсімдерінде және мемлекеттік сатып алуларда шартты жеңілдіктер беру есебінен жүзеге асыру ұсынылады.

«Жасыл» технологияларды айқындау және оларды енгізуді ынталандырудың

Орталық технологияларды «жасыл» технологияға жатқызу критерийлерін көрсететін және осы стандартқа сәйкестігін тексеру тәртібі мен рәсімдерін айқындайтын ұлттық стандартты әзірлеу және бекітуді жоспарлап отыр. Осы стандарт стандарттау және техникалық реттеу жөніндегі заңнамаға сәйкес технологияларды «жасыл» технология ретінде объективті тануға және оларды тиісті Тізілімге енгізуге мүмкіндік береді.

- **«Жасыл» таксономия – «жасыл» жобалар жіктеуішіні әзірлеу**

Қоғам 2020 жылы «Астана» халықаралық қаржы орталығымен бірлесіп «Жасыл» таксономияда қоршаған ортаға әсерді төмендету деңгейлері бойынша шектеулі мәндерді белгілеу жөнінде ұсыныстар әзірлейді.

- **«Цифрлық алаңды» қалыптастыру және «Бір терезе» қағидаты бойынша бизнесті қолдау**

«Цифрлық алаң» – нарыққа қатысушылардың, «жасыл» технологиялардың, жобалардың, қаржыландыру көздерінің, ынталандыру шаралары тізбесінің, консалтингтік қызметтер тізбесінің, нормативтік-құқықтық актілердің және т. б. деректер базасын қалыптастыру жоспарланып

ұйымдастыру арқылы құқықтық және техникалық қолдау көрсетуге ниеттеніп отыр. Инвесторларға инвестициялық ұсыныстар ұсынылады және серіктес іздеу немесе инвестициялық жобаларды іске асыру процесінде қажетті қолдау көрсетілетін болады.




отыр. Мақсат – бизнеске, инвесторларға, технология иелеріне сапалы әрі тиімді қызмет көрсету. Алаңда бизнес, инвесторлар, технология иелеріне арналған сауалнамалар, «Жасыл» технологиялар тізілімі, арнайы карталар, енгізуге арналған әлеуетті жобалардың тізбесі, технологияны «Жасыл» технологиялар тізіліміне енгізу тетігі, сертификат беру тәртібі және т. б. орналастырылады.

Болашақта Орталық «Бір терезе» қағидаты бойынша инвесторлардың жұмысына қолайлы жағдай жасалуын қамтамасыз ете отырып, «жасыл» экономика саласындағы инвестициялық жобаларға, оның ішінде инвесторлар мен технология иелерінің мемлекеттік органдармен, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерімен, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен кездесулерін

Әлеуетті жобаларды қарау барысында Орталық бизнес үшін «жасыл» технологиялар, қаржы, техникалық қолдау бойынша консалтингтік қызметтер көрсетуді, экологиялық, экономикалық және климаттық тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізуді жоспарлап отыр.

2020 жылы ұсынылған бастамалардың басты нәтижелері «жасыл» технологияларға сұранысты ынталандыру, олардың қолжетімділігін арттыру, «жасыл» жобаларды іске асыруды қолдау және «жасыл» экономиканың нысаналы индикаторларына қол жеткізуге жәрдемдесу болмақ.



ЕҢ ОЗЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

«ЕҚТ қағидаты – ымыраға келу, қоршаған ортаны қорғау мүдделері мен экономиканың дамуы арасындағы тепе-теңдікті іздеу».

Е.Г. Гашо, РФ Үкіметі жанындағы Талдау орталығының сарапшысы



ЕҢ ОЗЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР



ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі алға қойған негізгі міндеттердің бірі Қазақстанның ең озық қолжетімді технологиялар қағидаттарына (ЕҚТ) көшуіне ықпал ету болып табылады.

ЕҚТ дегеніміз қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылым мен техниканың заманауи жетістіктеріне негізделген өнімдерді (тауарларды) өндіру және жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету технологиясын білдіреді. ЕҚТ қағидаттарына көшу қоршаған ортаға әсердің кешенді алдын алу бойынша ең тиімді әдіс болып табылады.

Мәселен, Еуропалық қоршаған орта жөніндегі бюроның деректері бойынша 2009–2014 жылдары Еуропалық Одақта ЕҚТ енгізу нәтижесінде атмосфераға ластаушы заттардың шығарындылары айтарлықтай қысқарған: күкірт диоксиді – 94%, азот тотығы – 69%, шаң/қатты бөлшектер – 94%.

2018–2019 жылдары Орталық энергетикалық саланың 56 кәсіпорнына ЕҚТ қағидаттарына көшу мүмкіндігі тұрғысынан зерттеу жүргізді. Оның ішінде Герман халықаралық

ынтымақтастық жөніндегі қоғамымен (GIZ) бірлесіп тоғыз ірі энергетикалық кәсіпорынның ағымдағы жай-күйіне және олардың ЕҚТ қағидаттарына өту мүмкіндігіне бағалау жүргізілді. Кәсіпорындар ресурстарды (отынды да, суды да) пайдалану дәрежесі бойынша, қоршаған ортаға әсері бойынша, парниктік газдарды қоса алғанда, шығарындылардың барлық түрлері бойынша, жабдықтардың тозу дәрежесі бойынша сараланды. Халықаралық тәжірибе мысалында баламалы технологияларды, әдістерді, тәсілдерді бағалау және салыстыру жүргізілді. Энергетика саласының кәсіпорындары үшін ЕҚТ қағидаттарын енгізу бойынша ұсынымдар әзірленді.

Қазіргі уақытта осы қағидаттарға көшкен елдерде арнайы ұйымдар жұмыс істейді: Еуропалық ластануды кешенді алдын алу және бақылау жөніндегі бюро (IPPC), Ресей ЕҚТ бюросы, Беларусь Республикасындағы ЕҚТӘ ұлттық орталығы – олардың ішінде алғашқысымен Қазақстанның ЕҚТ бюросына консультациялық көмек көрсету туралы келісімге қол жеткізілді, кейінгі екеуімен ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды.

Бүгінгі күні Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығының құрылымында осы саладағы жұмысты ұйымдастыратын және үйлестіретін ЕҚТ бюросы құрылды. Осы уақытқа дейін:

- ұлттық стандарттарды – ЕҚТ бойынша техникалық анықтамалықты әзірлеу жөніндегі жұмыс органы болып табылатын № 110 ЕҚТ жөніндегі техникалық комитет құрылды;
- салалық техникалық жұмыс топтары құрылып жатыр;
- конкурстық негізде ұлттық және халықаралық сарапшылардың қатысуымен салалар бойынша тәуелсіз сарапшылар пулы құрылды.

ЕҚТ бюросы ЕҚТ көшу мәселелері бойынша ЭЫДҰ сараптамалық тобының мүшесі болып табылады.

Жыл сайын ЕҚТ саласындағы халықаралық сарапшылар шақырылып, халықаралық конференция өткізіледі.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Экологиялық кодексінің жобасымен I санаттағы объектілері бар кәсіпорындарға кешенді экологиялық рұқсат алу міндеті жүктеледі. Реттеуші қоршаған ортаға елеулі теріс әсер ететін осындай Топ-50 өнеркәсіптік кәсіпорынды анықтады.

ҚР Экологиялық кодексінің жобасына сәйкес кешенді экологиялық рұқсаттар ЕҚТ бойынша салалық қорытынды негізінде беріледі, ол ЕҚТ бойынша техникалық анықтамалықтың (ТА) ажырамас бөлігі болып табылады.

ЕҚТ бойынша техникалық анықтамалық – белгілі бір қызмет түрлері үшін ақпарат алмасу нәтижесінде жасалған және қолданылатын

технологиялардың технологиялық процестерін, эмиссиялардың ағымдағы деңгейін, энергия тиімділігі мен ресурс үнемдеуге бағытталған тәсілдер мен әдістерді, қалдықтарды тиімді басқару әдістерін, ең озық қолжетімді технологияларды, сондай-ақ ВАТ қорытындысын және кез келген жаңа технологияларды сипаттайтын ұлттық стандарт болып табылады.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орталыққа экономика салалары жөнінде ЕҚТ бойынша ТА әзірлеуге кірісуді тапсырды. Техникалық анықтамалықты әзірлеу екі кезеңнен тұрады:

- кәсіпорындардың және жалпы салалардың ағымдағы жай-күйін бағалау;
- кәсіпорындар мен салалардың ағымдағы жағдайын талдау негізінде ЕҚТ бойынша салалық ТА мәтінін жазу.

Бұл жұмыс 2023 жылдың 1 шілдесіне дейін аяқталуы тиіс (ҚР Экологиялық кодексі жобасының талаптарына сәйкес).

Осыған байланысты 2020 жылы Орталық 125 кәсіпорынның, сондай-ақ жалпы салалардың ағымдағы жай-күйіне бағалау жүргізу, ал 2021 жылдан бастап салалық техникалық жұмыс топтарының қатысуымен ЕҚТ бойынша салалық ТА мазмұнды бөлігіне кірісу жұмыстарын жүргізуді мақсат етіп отыр. Кәсіпорындардың аудиті бақылаудың мәні болып табылмайды және аудит салалардың ағымдағы жай-күйін сапалы бағалау және ЕҚТ қағидаттарына көшу үшін қажетті ықтимал қаржы шығындарының көлемін айқындау мақсатында ғана жүргізіледі. ЕҚТ бойынша 9 салалық анықтамалық әзірлеу жоспарланып отыр.

ЕҚТ бойынша техникалық анықтамалық әзірлеу жөніндегі жұмыс органдары



2020	2021–2024	2025
Кешенді технологиялық аудит жүргізу (125 кәсіпорын)	ЕҚТ бойынша техникалық анықтамалар мен қорытындылар әзірлеу. КЭР алу үшін өтінімдерді құруға жәрдемдесу	Алғашқы Топ 50 өнеркәсіптік кәсіпорын КЭР алуға міндетті

ҒЫЛЫМИ- ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ- ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕС

«Жасыл» технологиялар адамзат игілігі үшін ғылымның жаңа мүмкіндіктерін ашады».

Бақытжан Жұмағұлов, ФТК Төрағасы, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты

IGTIC
INTERNATIONAL GREEN TECHNOLOGIES & INVESTMENTS COMPANY

ҒЫЛЫМИ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ КЕҢЕС



Орталық еліміздің «жасыл» дамуы саласындағы сараптамалық пікірлер мен ұсынымдарды ілгерілету мақсатында ғылыми-академиялық қауымдастықтың, ірі өндірістік секторлардың, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін, ҚР Парламенті Мәжілісі мен Сенатының депутаттарын біріктіру бойынша белсенді жұмыс жүргізеді.

ФТД және ФТК кеңсесінде алғаш рет Қоғамның миссиясы мен стратегиялық жоспарын тиімді іске асыру үшін айқындалған 6 бағыт бойынша жұмыс істейтін Ғылыми-техникалық кеңес құрылды:

- Қалдықтарды басқару;
- Тұрақты энергия ресурстары;
- Тұрақты қала («жасыл» инфрақұрылым);
- Тұрақты ауыл шаруашылығы;
- Экология, қоршаған ортаны қорғау;
- Инвестициялар мен технологияларды тарту жөніндегі халықаралық ынтымақтастық.

Осы бағыттар бойынша ФТК Төрағасының алты орынбасары сайланды: Ұ.С. Қарабалин, Т.М. Досмұхамбетов, Г.А. Щегельский, Р.С. Жошыбаев, А.А. Татығұлов, Ш.А. Байқұлов.

Ғылыми-техникалық кеңестің міндеттері:

- Ғылыми-техникалық және өзге де жобаларды іске асыру шеңберінде «жасыл» өсу факторын қолдануды ескере отырып, кешенді бағалау, жаңашылдық (инновация), ноу-хау дәрежесін, оларды экономиканың түрлі секторларында имплементациялау кезінде жергілікті жағдайларға сұраныс пен бейімділікті айқындау;
- Қазақстан Республикасының аумағында «жасыл» экономика саласындағы ғылыми және индустриялық-инновациялық жобаларды, оның ішінде халықаралық сарапшылар мен әріптестерді тарта отырып, ғылыми сараптама жасау және сараптамалық сүйемелдеу;
- Инвестициялық жобаларды сүйемелдеу шеңберінде «жасыл» технологияларды қолдану және дамыту туралы сараптамалық қорытындылар дайындау;
- Қоғамның «жасыл» экономика саласында инновациялық және ғылыми-техникалық саясатын қалыптастыру үшін ұсыныстар (ұсынымдар) әзірлеу, Ұлттық экономика салаларында «жасыл» технологияларды қолдану мәселелері бойынша оның көшбасшылық ұстанымын нығайтуға жәрдемдесу;

- «жасыл» экономиканы дамытудың жай-күйін талдау, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ведомстволарының, ірі және орта бизнесінің сұрауларына сәйкес «жасыл» технологияларды қолдануды кеңейту мәселелері бойынша ұсынымдар (ұсыныстар) әзірлеу.

ФТК шеңберіндегі жұмысқа 45-тен астам сарапшы – инженерия саласындағы белгілі ғалымдар, мемлекеттік қайраткерлер, ҚР Парламенті Мәжілісі мен Сенатының депутаттары, «Болашақ» бағдарламасы бойынша тағылымдамадан өткен жас мамандар, өндірістің тәжірибелі қызметкерлері, «Атамекен» ҰКП бизнес өкілдері тартылды. Сондай-ақ ғалымдар, бизнес-қауымдастық өкілдері мен сарапшылар қатарынан сараптамалық база құрылды, ол тұрақты түрде жаңартылып отырады. Сараптама алаңы 10-нан астам инновациялық технологиялар мен жобаларды енгізу бойынша сараптамалық пікірлерді, Экологиялық кодекс жобасына ұсыныстарды әзірлеуге, «Қазақстан Республикасының төменкөміртекті даму стратегиясы: трансформация мақсаттары мен жолдарын» талқылауға, «жасыл» технологияларға арналған 3 ірі халықаралық конференциялар мен форумдардың қарарын қалыптастыруға қатысады.

Бұдан басқа, ФТД және ФТК кеңсесі ЖЭК саласындағы гендерлік саясатты зерделеуге, экология, орман шаруашылығы, азық-түлік қауіпсіздігі және басқалары саласындағы ғылыми-зерттеу жобалары мен бағдарламаларын әзірлеуге өз үлесін қосады.

ФТК жұмысын ФТД және ФТК кеңсесінің басшысы – экономика ғылымының докторы, академик Медиева Гүлбазар Ақылқызы үйлестіреді.

2019 жылғы 29 қарашада өткен ғылыми-техникалық кеңестің бірінші отырысының

нәтижелері бойынша оның Төрағасы болып белгілі ғалым, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов сайланды.

2019 жылы ФТД және ФТК кеңсесі 5 млн теңге көлемінде қаражат тарта отырып «Өнімнің/тауарлардың осы топтары бойынша кәдеге жарату төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін шиналардың, майлардың, аккумуляторлардың, электрондық және электр жабдықтарының қалдықтарын жинау, тасымалдау, қайта өңдеу, пайдалану және/немесе кәдеге жарату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға байланысты шығындар мен кірістер көрсеткіштерін бағалау және талдау» тақырыбында маркетингілік зерттеу жүргізді.

Орталықтың жоспарында – ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру үшін аккредиттеу бойынша кәуәлік және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі мәртебесін алу. Осы мақсатта үш жыл ішінде ҒЗЖ, ҒЗТКЖ, ғылыми нысаналы бағдарламалар мен ғылыми жобаларды әзірлеу саласында ғылыми-зерттеу және ғылыми ұйымдармен ынтымақтастық жолымен ғылыми активтер портфелі қалыптастырылатын болады. Барлық орындалған ҒЗЖ және ҒЗТКЖ аккредиттеу бойынша кәуәлік алу үшін ҚР Білім және ғылым министрлігіне ұсынылады. Бұл құжат қоғамға ҒЗЖ және ҒЗТКЖ бойынша гранттық қаржыландыруды тартуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ ФТД және ФТК кеңсесі ең озық технологияларды енгізу бағыттары және инвесторлар үшін аяқталған ҒЗЖ және ҒЗТКЖ даярлау бойынша оқыту курстарын өткізуді жоспарлап отыр. Бұл курстар мемлекеттік органдардың, өнеркәсіптік кәсіпорындардың, ҒӨБ, білім беру мекемелерінің және басқаларының өкілдеріне арналады.


ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

«Біз «жасыл» экономика тұжырымдамасы үлкен танымалдыққа ие болып, Қазақстан үшін басымдыққа айналғанына өте қуаныштымыз. Біз сондай-ақ Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығын құруды қолдаймыз, ол «жасыл» экономика саласындағы білім, технологиялар және инновациялар алмасуға ықпал ете отырып, маңызды рөл атқаратын болады».

*НОРИМАСА ШИМОМУРА, БҰҰДБ ҚР-дағы Тұрақты өкілі
Global Challenges Summit XI Астана экономикалық
форумында, 2018 ж.*

IGTIC

INTERNATIONAL CENTER FOR GREEN & INVESTMENT TECHNOLOGY



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Климаттық инвестицияларды тарту жөніндегі халықаралық әріптестік

Орталықтың қызметі әлемнің жетекші елдерінің бейінді мемлекеттік органдарымен, ұйымдарымен және компанияларымен олардың «жасыл» технологияларды дамыту және енгізу саласындағы тәжірибесін тарту мақсатында ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатуға бағытталған.

Қазақстан Республикасының негізгі 20 елдегі елшіліктерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы шет елдердің біздің елімізде «жасыл» экономиканы дамыту мәселелері бойынша аккредиттелген елшіліктерімен тұрақты негізде бірлескен жұмыс жүргізілуде.

«Жасыл» экономикаға көшу жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру туралы мәселені кешенді пысықтау үшін ҚР Экономика министрлігі, ҚР Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі

комитеті, «Kazakh Invest» ҰК АҚ, Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы және ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің өкілдерімен Бірлескен іс-қимылдарды үйлестіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қалыптастыру мақсатында кездесулер ұйымдастырылып, өткізілді.

Орталық ҚР Президенті жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесіне, ҚР Сыртқы істер министрлігінің және басқа да мемлекеттік органдарының жиналыстарына, үкіметаралық комиссиялардың отырыстарына, дөңгелек үстелдерге, брифингтерге, «жасыл» өсуді және инвестициялық жобаларды ілгерілету мәселелері бойынша бірлескен семинарларға қатысты.

Байланыс орнату және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында Ұлыбритания, Испания, ҚХР,

Корея, Польша, Португалия, БАӘ, Түркия, Финляндия, Үндістан, Малайзия, АҚШ және ТМД елдерінің бизнес өкілдерімен көптеген кездесулер өткізілді.

Gggi халықаралық «жасыл» ұйымымен, DENA, GIZ, RENAC неміс институттарымен, GEIDCO, PowerChina, BRETTС қытайлық компанияларымен серіктестік орнатылды.

Орталық БҰҰДБ, ЕҚЫҰ, ЕО, ЭЫДҰ, ЮНЕП, ЮНИДО, БҰҰ ЕЭК, БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО), АТМЭЭК, IRENA сияқты ірі халықаралық ұйымдармен, сондай-ақ Қазақстандағы «жасыл» бастамаларды ілгерілету және жобаларды іске асыру үшін гранттық, техникалық және қаржылық көмек алу мәселелері бойынша қаржы

институттарымен (ДБ, ЕҚДБ, АДБ) өзара белсенді іс-қимыл жасайды.

2019 жылы шетелдік сапарлар аясында үкіметтік құрылымдар, бизнес-қоғамдастықтар және қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен 50-ден астам кездесу және келіссөздер ұйымдастырылды, осылардың барысында өзара түсіністік туралы 4 меморандумға, ынтымақтастық туралы 2 келісімге және Қазақстандағы тұрақты және тиімді органикалық ауыл шаруашылығын дамыту, табиғи ресурстарды кешенді басқару және азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері бойынша БҰҰ Азық-түлік ауыл шаруашылығы ұйымымен (ФАО) ниет туралы 1 хатқа қол қойылды.

ЕҚТ қағидаттарына көшу бойынша халықаралық тәжірибе

ЕҚТ қағидаттарына көшу жөніндегі халықаралық тәжірибені зерделеу үшін мемлекеттер мен ұйымдардың нысаналы тобы анықталды, тиісті мониторинг және талдау жүргізілді, оның барысында «жасыл» экономиканың құқықтық және қаржылық тетіктері, мемлекеттердің орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуі және «жасыл» технологияларды пайдалану деңгейі зерделенді.

Шолу барысында ЕҚТ қолдану рәсімдеріндегі сипатты айырмашылықтар, әртүрлі әдіснамалардың негізгі сипаттамалары мен шектеулері назарға алынды, ЕҚТ сәйкестендіру және қолдану процедуралары әзірленген елдердің оң нәтижелері ұсынылды.

Жұмыс істелген кезеңде 15 жетекші елдің (Ұлыбритания, Германия, Норвегия, АҚШ, Финляндия, Франция, Швейцария,

Швеция, Оңтүстік Корея, Польша, Словакия Республикасы, Чех Республикасы, Үндістан, ҚХР, Беларусь Республикасы, Ресей) тәжірибесі бойынша ЕҚТ қағидаттарын енгізудің халықаралық тәжірибесіне талдау жүргізілді. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Орталық базасында Орталық Азия өңірі үшін ЕҚТ бюросын құру туралы ұсынысы маңызды саяси қадам болды.

Осы ұсынысты іске асыру Орталық Азиядағы интеграциялық үдеріске практикалық үлес қосады. ЭЫДҰ ҚР ЕҚТ бюросымен бірлесіп, кейіннен Орталық Азия елдерінде ұқсас платформалар құру, заңнаманы жетілдіру, Орталық Азия елдері үшін ЕҚТ-ға көшу жөніндегі тұжырымдаманы әзірлеу, практикалық көмек көрсету, семинарлар мен тренингтер өткізу бойынша жәрдем көрсете алады.

Халықаралық бағдарламаларға қатысу және қаржылық және техникалық көмек шеңберінде гранттар тарту



1. Мемлекет басшысының «Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасы (ЖКӘБ) бастамасын ілгерілету.

- Басты үш мемлекет – ҚХР, Корея және Өзбекстанның бастамасына қосылу қарастырылып жатыр. Бұл мәселе осы мемлекеттер арасындағы келіссөздер шеңберінде тұрақты негізде талқылануда (мысалы, ҚР Президентінің 2019 жылғы 14 маусымда Бішкек қаласында өтетін ШЫҰ саммитіне қатысуы барысында, Қазақстан Басшысының 2019 жылғы 11–12 қыркүйекте ҚХР-ға сапары, ҚР Сыртқы істер министрінің 2019 жылғы 16–17 қыркүйекте Кореяға сапары, сондай-ақ 2019 жылғы қарашада Премьер-министрлер деңгейіндегі ШЫҰ саммиті кезінде).
- ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орталыққа ЖКӘБ бас операторының функцияларын беруі мәселесі қарастырылды. Орталық ЖКӘБ ілгерілету бойынша 2021–2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының жобасын дайындап жатыр.

2. ЖКӘБ шеңберінде Silk Road Super Grid жобасын іске асыру (ҚХР «Бір белдеу – бір жол» бастамасын қолдау ретінде).

Орталық GEIDCO – Ғаламдық энергетикалық өзара іс-қимылды дамыту және ынтымақтас-



тық ұйымының (ҚХР) мүшесі болды. Жобаның мәні жаңартылатын энергия көздерінен өндірілетін «таза» энергияны берудің халықаралық желісін құру болып табылады. Қытайлық және корейлік серіктестермен келіссөздер жүргізілуде.

3. Орталықты ЕО Платформасының Ұлттық үйлестірушісі етіп тағайындау – Орталық Азия WESCOOP жобасының қоршаған орта және су ресурстарын қорғау саласында.

Қоғамның кеңсесінде ЕО қаржылық қолдауымен ЕО сарапшылары мен ҚР әкімдіктері мен ұйымдары өкілдерінің қатысуымен «Ауа сапасын басқару: ЕО тәжірибесі» және «Су сапасын басқару: ЕО тәжірибесі» тақырыбында семинар-тренингтер өткізілді. Осы және басқа жобалар шеңберінде ЕО-мен бірлескен қызметтер қарастырылуда.

4. Қаржылық, гранттық және техникалық көмек тарту (сарапшыларды тарту, бірлескен зерттеулер, шолулар, семинарлар, білім беру және ғылыми бағдарламалар жүргізу).

ЭЫДҰ-мен ең озық қолжетімді технологиялар қағидаттарын енгізу жобасын іске асыру бой-

ынша жұмыс жүргізілуде. Орталық базасында Қазақстан мен Орталық Азияда ЕҚТ қағидаттарын ілгерілету бойынша ЭЫДҰ алаңын құру жөнінде келіссөздер жүргізілді. 2018 жылдың желтоқсан айында Қазақстан астанасында елде ЕҚТ енгізу бойынша бірлескен конференция өтті.

2020 жылы Азия Даму Банкі «Жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар халықаралық орталығы» КЕАҚ институционалдық әлеуетін арттыру» жобасын гранттық қаржыландыруға кірісті.

ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастық шеңберінде Орталық бастамашылық еткен «Шортанды-Бурабай және Баянауыл курорттық аймақтарында қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін дамыту үшін халықаралық тәжірибе мен «жасыл» технологияларды тарту» жобасын іске асыруға \$10 мың көлемінде грант алынды. ЕҚЫҰ Орталық алаңын «жасыл» экономиканы басқару, дүлей апаттардың алдын алу және ЕҚЫҰ кеңістігінде энергетикалық қауіпсіздік мәселелерін қоса отырып, Нұр-Сұлтан қаласында ЕҚЫҰ Тақырыптық орталығын құру жобасы аясында бірлескен іс-шаралар өткізу үшін пайдалануды ұсынды.

5. Орталық UNIDO Clean Tech жаһандық таза технологиялар инновациялық бағдарламасының бас операторы болды.

Қоғамға Қазақстандағы стартаптарды дамыту, акселерациялау және коммерцияландыруға бағытталған Cleantech (The Global Cleantech Innovation Programme – GCIP) жобасын іске асыратын негізгі оператор болу құқығы берілді. \$1 775 мың көлемінде 3 жылға грант алуға Жобалық ұсыныс (Project Identification Form) әзірленіп жатыр.

6. GGGI (Жаһандық жасыл өсу институты) ынтымақтастықты ұйымдастыру және ынтымақтастық туралы келісімге қол қою.

GGGI-мен ынтымақтастық мәселесі бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде Қазақстанның осы халықаралық ұйымға «participating country» ретінде жарна төлемей қосылуы туралы шешім қабылданды. GGGI-мен 2020 жылы ірі халықаралық экологиялық іс-шара алаңында ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы уағдаластық бар. ҚР Сыртқы істер министрлігі және ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі ХЖТИЖО-ға GGGI-мен ынтымақтастық жөніндегі жұмыс органының өкілеттілігін беру мәселесін және Орталық базасында GGGI Орталық Азиядағы өкілдігін ашу туралы мәселені қарастыруда.

7. Орталықты Жасыл Климаттық Қорда (ЖКҚ) аккредиттеуге дайындау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Орталық БҰҰ-ның 194 мемлекетінің үкіметтері құрған және БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі жөніндегі негіздеделік конвенциясының тараптары конференциясының қаржы органы рөлін атқаратын жаһандық ұйым – Жасыл Климаттық қордан аккредиттеу алуды жоспарлап отыр. ЖКҚ миссиясы климаттың өзгеруіне қарсы күрес шеңберінде жобаларды іске асыру бойынша дамушы елдерге қаржылай көмек көрсету болып табылады (парниктік газдардың шығарындыларын азайту, энергия үнемдеуді, энергия тиімділігін арттыру және т.б.). ЖКҚ гранттар мен кредиттер бөледі, кепілдік береді, капиталға кіруді қамтамасыз етеді. ЖКҚ-да қандай да бір ұйымды аккредиттеу «жасыл» қаржыландыру саласындағы жоғары стандарттарды құптауды білдіретін «жасыл кредит рейтингін» алуға теңестіріледі.

«ЖАСЫЛ» ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ

«Медициналық-биологиялық зерттеулер, агроөнеркәсіптік ғылым, жасыл технологиялар, жасанды интеллект, энергия тиімділігі сияқты салаларға күш-жігер мен ресурстарды жұмылдыру қажет. Бір жолғы гранттық конкурстардың нәтижелеріне қарамастан үздіксіз жүзеге асырылуы тиіс іргелі зерттеулермен айналысатын ғылыми ұйымдарды тікелей қолдау маңызды міндет болып табылады»

Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстан Президенті

IGTIC

INTEGRATED GREEN TECHNOLOGIES & INVESTMENTS CENTER


«ЖАСЫЛ» ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ

2019 жылы коммерцияландыруға дайын «жасыл» технологияларды іздеу және анықтау жұмыстары жүргізілді. 127 жоғары оқу орнымен және 250 ғылыми орталықпен, мамандандырылған компаниялармен және инновациялық даму институттарымен өзара іс-қимыл жасау нәтижесінде «жасыл» технологиялар мен жобалардың деректер базасы құрылды. Бұдан басқа, технологияларға

талдау жүргізілді және дайындықтың ерте сатыларында – әлеуетті стартап жобалар бойынша «жасыл» технологиялар каталогы әзірленді.

Бүгінде Орталықтың деректер базасында 3 009 «жасыл» патент, 300-ден астам «жасыл» технологиялар мен жобалар бар.

ҚР жасыл патенттерін салалар бойынша саралау




14 РСТ (Халықаралық патенттер)
16 ЕАҒПО (Еуразиялық патенттер)

Data of RSE "National Institute of Intellectual Property"

Жаһандық экологиялық қор (GEF) таза технологиялар саласындағы үш жылдық жаһандық инновациялар бағдарламасына (GCIP) қатысуға арналған өтімді мақұлдады. Бағдарлама жыл сайын 30–40 перспективалы «жасыл» стартапты ерте сатыда анықтауға және оларды **жеті бағыт бойынша акселерациялауға бағытталған: ЖЭК, қалдықтарды кәдеге жарату, энергия тиімділігі, «жасыл» құрылыс, суды тиімді пайдалану, транспорт және заманауи материалдар мен химиялық заттар.** ТКШ Қазорталығымен және UNIDO-мен бірлесіп жобалау құжатын

Орталықтың деректер базасының технологияларын салалар бойынша саралау



* ХЖТИЖО деректері

(PIF) дайындау, сондай-ақ Қазақстан Республикасында GCIP жобасын іске асыру бойынша негізгі оператор ретінде ХЖТИЖО-ны тағайындау бойынша жұмыстар жүргізілді. Жоба 2020 жылы «жасыл» технологиялардың ұлттық конкурсын ұйымдастыру, бүкіл ел бойынша неғұрлым перспективалы кәсіпкерлерді анықтау арқылы іске асырыла бастайды, кейіннен қазақстандық топ компанияларды жаһандық нарыққа шығарады.


«Жасыл» технологияларды коммерцияландыру зияткерлік меншік құқығын қорғаумен

тығыз байланысты. Осыған байланысты **Орталық базасында «Ұлттық зияткерлік меншік институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Фронт кеңсесі құрылды**, онда ғалымдар мен әзірлеушілер зияткерлік меншікті қорғау және патенттік мәселелер бойынша кәсіби консультациялар ала алады және ЖЭК бойынша өнертабыстарды жедел сараптауға өтінім бере алады.

ХЖТИЖО стратегиясының бір бөлігі болған ҚР-да «жасыл» технологияларды коммерция-

Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2019 жылғы 13 мамырда ХЖТИЖО-ға келген кезде арнайы гранттық бағдарламасы бар «Жасыл» технологияларды коммерцияландыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу бойынша ұсыныстар әзірленді.

Орталықтың Берлин энергетикалық апталығының іс-шараларына және Қазақстан мен Германияның сауда-экономикалық дамуы жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобының 12-ші отырысына қатысуы шеңберінде



ландырудың тиімді жүйесін дамыту стратегиясы әзірленді. Онда инновациялық экожүйені, сондай-ақ «жасыл» технологияларды коммерцияландыру бойынша құзыреттілік орталығын дамытуға баса назар аударылады, ол «жасыл» технологияларды коммерцияландыру және трансферттеу бағдарламасы мәселелері бойынша ұлттық және шетелдік компаниялар үшін негізгі ақпараттық көз ретінде әрекет етуі тиіс.

RENAC академиясымен, World Energy Forum, DENA Неміс энергетикалық агенттігімен келіссөздер жүргізіліп, байланыстар орнатылды.

Астана экономикалық форумы 2019 шеңберінде The Dhahran Techno Valley Holding Company (DTVC) Бас директоры Крейг Смиттің (Сауд Арабиясы), NGIN Бас директоры, LACI тең негізін қалаушысы Фред Уолтидің (АҚШ) және DENA Неміс энергетикалық агенттігінің Атқарушы директоры Кристина

Хаверкамптың (Германия) қатысуымен «жасыл» технологиялардың инновациялық экожүйесін құру бойынша панельдік сессия өткізілді. Форум қорытындысы бойынша ынтымақтастық туралы екі меморандумға: әлемнің 88 елі кіретін Startup Energy Transition бағдарламасы шеңберінде DENA Неміс энергетикалық агенттігімен және «ҚР Технологияларды коммерцияландыру кәсіпқойлары

Орталық Сколково, Skoltech технологиялық кәсіпкерлік бойынша бірлескен бағдарламаларды дамыту университетімен, RuGBC экологиялық құрылыс бойынша кеңесімен, Сколково энергиялық тиімді технологиялар институтымен, Мәскеу мемлекеттік құрылыс университетінің «жасыл құрылыс» ресейлік ұлттық стандартын әзірлеу орталығымен байланыс орнатты.



альянсымен» жасалған меморандумдарға қол қойылды.

2019 жылғы 6–8 қыркүйекте Орталық Astana Innovations бірлесіп Startup Weekend Greentech «жасыл» технологиялардың инновациялық байқауын ұйымдастырып, өткізді. Қазақстанның барлық аймақтарынан 75 өтінім мен инновациялық технологиялар келіп түсті. Ақшалай сыйлықтар мен акселерациялық бағдарламаның иегері болған үш финалшы таңдап алынды.

2019 жылғы 12 қыркүйекте Орталық алаңында инновациялық даму институттарының өкілдерімен инновация жөніндегі жұмыс тобының кездесуі өтті, оның аясында GCIP бағдарламасы таныстырылды және «жасыл» технологиялар мен жобаларды бірлесіп алға бастыру, қаржыландыру мәселелері талқыланды.

2019 жылдың 8 қазанында GCIP Vienna Cleantech week аясында Cleantech week форумында «Қазақстан Республикасының инновациялық экожүйесін дамыту туралы» презентация өтті. Австриялық «жасыл» технологиялар алабы – Green Tech кластерімен танысу үшін Граца қаласына іссапар ұйымдастырылды.

2019 жылғы 15 қарашада DENA Неміс энергетикалық агенттігімен бірлесіп «Жасыл» технологияларды коммерцияландырудың тиімді жүйесін құру» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді, оған ҚР Инновациялық даму институты, сондай-ақ DENA стартаптар мен инновациялық жобалар бойынша тобының басшысы Пиа Дорфингер, QA-UK Ltd Бас директоры әрі негізін қалаушысы, профессор Imperial College London Джон Хассард, NGIN Президенті әрі Бас директоры, Лос-Анджелес қаласындағы Cleantech инкубаторының тең

негізін қалаушысы Фред Уолти, RuGBC Экологиялық құрылыс жөніндегі кеңесінің тең құрылтайшысы Гай Имз, KREG Ltd Бас директоры Грэм Фрит сияқты АҚШ пен Еуропаның халықаралық сарапшылары қатысты.

GCIP жобасын іске асыруға қосқан үлесін (contribution) растайтын хабарламалар алу үшін **инновациялық даму бойынша 50-ден астам министрліктер мен ұйымдарға хаттар**

2019 жылғы 8–11 шілдеде Екатеринбург қ. (Ресей) өткен «ИННОПРОМ» көрмесіне қатысу үшін 3 жоба таңдап алынды. Сондай-ақ, WESCOOP сарапшыларына нарықтық және инвестициялық әлеуетті бағалау үшін әртүрлі сатылардағы 4 жоба жіберілді.

2019 жылы Орталық Беларусь Республикасының технологиялар трансфертінің **екі халықаралық желісіне:** тұтынушылар



жіберілді. 15 ұйымнан тең қаржыландыру шеңберінде жалпы көлемі \$21,5 млн сомасында қаржылай көмек көрсету туралы хат келді, сонымен қатар акселерация, сарапшы ұсыну және т. б. түріндегі қаржылай емес көмек көрсету туралы хаттар да келді.

ҚР Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне Назарбаев Университетімен бірлесіп «Болашақ экономикасы» бағыттары бойынша арнайы бағдарламалар әзірлеу туралы Елбасы жолдауы бойынша «жасыл» технологиялар саласындағы 14 жобаның тізбесі және Қазақстанның «ЭКСПО Дубай 2020» көрмесіне қатысуы үшін 30 жоба ұсынылды.

«Жасыл» технологияларды коммерцияландыру үшін инвестициялар мен тиімді қаржы құралдарын тарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде. Орталық ЖКК, АДБ жобаларын іріктеуге және «ИННОПРОМ-2019» көрмесіне қатысуға өтінім берді. Олардың ішінде

мен табиғат үнемдейтін технологияларды жеткізушілердің өзара іс-қимыл жасауына және озық жаһандық технологияларға қол жеткізуді қамтамасыз етуге арналған WIPO Green – ВОИС Платформасына қосылды. Оған қоса, ХЖТИЖО алдыңғы қатарлы технологияларға қол жеткізу үшін Климаттық Технологиялар Желісіне (Climate Technology Center and Network) интеграцияланады.

Экологиялық таза технологияларды жедел енгізуді ынталандыру мақсатында ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыштық өнеркәсіп министрлігімен бірлесіп, ХЖТИЖО жанынан Greentech инновациялық кластерінің мақсатты технологиялық бағдарламаларының бірін құру мәселесі пысықталды. Қоғам базасында Green Tech кластерін құру қажеттілігі туралы негіздемелер мен презентациялар сондай-ақ 2020–2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары мен Даму жол картасы әзірленді.

АҚШ, Еуропа және басқа да елдердің Green Tech кластерлерін дамытудағы әлемдік тәжірибесіне талдау жүргізілді, Green Tech кластерін құру үшін нарықтың мақсаттары, міндеттері, әлеуеті, негіздемесі, КРІ және бюджет анықталды, онда «Жасыл» технологияларды коммерцияландыру саласындағы құзыреттер орталығы – негізгі жұмыс органы және жұмысты ұйымдастырушы болып табылады. Қазақстанның «жасыл» технология-

Кластерді таныстыру аясында заңнамаға өзгерістер енгізілді, атап айтқанда: Экологиялық кодекске «жасыл» технологиялар паркі» халықаралық технологиялық паркінің (Green Tech Hub) жұмысы шеңберінде қолдау шаралары туралы, ҚР Кәсіпкерлік кодексіне «жасыл» технологиялар паркінің функциялары мен міндеттері туралы, Салық кодексіне Green Tech Hub қатысушылары үшін салықтық преференциялар туралы,



лар нарығындағы жаһандық және ағымдағы жағдайы бойынша талдау жұмыстары жүргізілді, «жасыл» технологиялар саласындағы инновацияларды дамытудың негізгі тежеуші факторлары мен проблемалары айқындалды, нақты шешімдер дайындалды. Негізгі шешімдердің бірі – коммерцияландыруға арналған кәсіби платформа – құзыреттілік орталығы мен IT-платформасы бар «жасыл» технологиялар паркі (Green Tech Hub) Халықаралық технологиялық паркін құру.

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексіне жер қойнауын пайдаланушылардың ЖЖТ 1% есебінен «жасыл» стартаптарды енгізу туралы.

Greentech кластерін 2019 жылғы 25 желтоқсанда ҚР Үкіметі отырысында жаңа инновациялық және ғылыми-техникалық даму саясаты шеңберінде Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрі А. Жұмағалиев таныстырды.

GREENTECH КЛАСТЕРІ-СҰРАНЫСҚА БАҒЫТТАЛҒАН КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ

МАҚСАТ

Кластер қатысушылары халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту үшін жаңа технологиялық шешімдерді коммерцияландыру мақсатында бірігетін «жасыл» технологиялардың инновациялық экожүйесін құру



НАРЫҚ КӨЛЕМІ

3009 ҚР жасыл патенті,
14 РСТ және 16 ЕАПО,
IGTIC деректер базасында
300-ден астам технологиялар,
ЭКСПО-2017 **133** жобасы

ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА

көшу үшін қажетті инвестициялар жыл сайынғы **ЖІӨ 1,8%-ы**, бұл жылына **3-4 млрд** АҚШ долларына тең.



САЛЫҚТЫҚ ПРЕФЕРЕНЦИЯЛАР

0% КТС, ЖТС әлеуметтік салық жеңілдетілген визалық режим цифрлық платформа

КРІ

4000 жұмыс орнын ашу
80-100 жасыл патентті коммерцияландыру
120 инкубацияланған **жоба**
97 жобаға инвестициялау

НӘТИЖЕЛЕРІ

2050 жылға қарай ЖІӨ-нің 3% өсуі	2030 жылға қарай ЖЭК үлесі 10%	2050 жылға қарай баламалы энергетика үлесі 50%	2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларын 1990-шы деңгейден 15%-ға қысқарту (Париж келісімі)
---	---------------------------------------	---	--

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ НАСИХАТТАУ

«Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы Қазақстанның жасыл экономикаға жедел көшуіне ықпал етуі тиіс. Жасыл жобаларды басқару, оларды ілгерілету, жасыл білімді тарату, технологиялар трансферті және тағы басқалары Орталықтың қызметі болып табылады»

*Бақытжан Сағынтаев, Қазақстанның Премьер-Министрі
(2016–2019 жж.)*



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ НАСИХАТТАУ

Экологиялық мәдениетті қалыптастыру «жасыл» экономиканың дамуына әсер ететін негізгі фактор болып табылады.

ХЖТИЖО-ның Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшуімен тығыз байланысты қызметі экологиялық мәдениетті насихаттау сияқты аспектіні қамтиды. Біз Орталықтың қызметін, экологиялық проблемаларды шешу жолдары туралы талқылауларды және «жасыл» технологияларды ілгерілету жөніндегі барлық маңызды оқиғаларды қолжетімді бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде жариялауға ұмтыламыз.

Мемлекеттік тапсырма аясында баспасөз қызметі келесі бағыттар бойынша мақалаларды жариялау үшін басымдық берілген контент қалыптастырды:

- Мемлекет тарапынан төмен көміртекті және тұрақты дамуға бағытталған реформаларға қолдау көрсету және мүдделілік;
- ЕҚТ енгізу және өнеркәсіп секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- Қоршаған ортаның ластануын төмендету жөніндегі жобалар;
- ҚТҚ кәдеге жарату және қоқысты қайта өңдеу мәселелері;
- Халықаралық ынтымақтастықты дамыту, шетелдік орталықтармен әріптестік және ЖКӘБ бағдарламасын ілгерілету;
- ЖЭК жобаларын дамытуға, ҚТҚ кәдеге жаратуға, ҚР өңірлерінде су және ауа сапасын басқаруға жәрдемдесу;
- Тұрақты дамудың басымдықтары және Қазақстанда «жасыл» экономиканы ілгерілету қажеттілігі.

2019 жылы БАҚ арқылы «жасыл» технологияларды енгізу бойынша ақпараттандырылған нысаналы топтардың расталған қамтылуы 270 мың адам деңгейінде деп бағаланды, жоспарлы көрсеткіш 216 мың адам немесе 125% болған еді.

Бұл нәтижеге ауқымды ақпараттық-насихаттау науқанын іске асыру есебінен қол жеткізілді:

отырып, 52% үлесті алып отыр; ТВ және баспасөз басылымы – 36% немесе 97 мың адамды қамтыды; әлеуметтік желілер – 33 мың адамдық аудиторияны қамти отырып, 12% үлесті алып отыр.

2019 жылы БАҚ түрлері бойынша қамтуды бөлу:

- ақпараттық науқанды іске асыру барысында интернет-БАҚ-тың қоғамдық пікірге ықпалының күшейгені байқалды – ол 140 мың адамдық аудиторияны қамти

Іс-шара түрлері	Жоспар	Дерек
Баспасөз және электрондық БАҚ арқылы жариялау (интернет, ТВ, баспасөз басылымдары)	88 000	237 000
Әлеуметтік желілер	10 000	33 000
Инфографика, видеороликтер әзірлеу және трансляциялау	120 000	120 000
Полиграфиялық ақпараттық-насихаттау өнімдерін шығару және тарату	6 000	6 000

Мессенджерлерде, әлеуметтік желілерде және YouTube-арнадағы видеороликтердің көрсетілімін есепке алғанда, бұл көрсеткіш жиынтығында 390 мың адамнан асады.

Отандық және шетелдік БАҚ-та «жасыл» экономика саласындағы мемлекеттік саясатты насихаттауды қамтамасыз еткен 350-ден астам мақала мен репортаж жарияланды. Қазақстан халқының әртүрлі әлеуметтік топтары арасында «жасыл» технологиялар мен ЕҚТ енгізу, халықаралық ынтымақтастықты дамыту бойынша мемлекеттік саясатты түсіндіру жұмыстары жүргізілді, сондай-ақ Орталықтың қызметі туралы ақпарат ұсынылды.

Қазақстан Республикасының 2017–2019 жж. «жасыл» экономикаға көшуі жөніндегі ұлттық баяндама

2013 жылы біздің еліміз мемлекеттік деңгейде алғашқылардың бірі болып стратегиялық құжатты – Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманы қабылдады. Даму тәсілінің жаңалығына байланысты тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде «жасыл» экономикаға көшу процесінде ағымдағы жағдайға, қол жеткізілген нәтижелер мен нысаналы индикаторларға қол жеткізудің таңдалған жолдарына тұрақты түрде талдау жүргізіп отыру қажет. Біздің елімізде мұндай талдау Ұлттық баяндама аясында үш жылда бір рет жүргізілетін болады.

Ұлттық баяндама құрылымының жобасын әзірлеу және келісу барысында Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің жауапты бөлімшесімен бірқатар келіссөздер жүргізілді. Халықаралық тәжірибе негізінде ел өңірлеріндегі қолданыстағы саясат пен іс-шараларға талдау жасалды, ұсынымдар

2019 жылғы қаңтар-қараша кезеңінде 120 мың пайдаланушыдан тұратын қосымша аудиторияны тартуды қамтамасыз еткен мақсатты қамту бойынша баламалы құралдардың рөлінің артқанын атап өткен жөн. Танымал YouTube бейнехостингінің корпоративтік арнасында техникалық ерекшелікке сәйкес дайындалған және орналастырылған видеоматериалдарды (<https://www.youtube.com/channel/UCSL04jchgoEWWi9IGP71Pw>) 100 мыңнан астам адам қарады.

Орталықтың 2019 жылғы шілдеден бастап құрылған және қолданылып келе жатқан интернет-ресурсында Яндекс-метрикс статистикасының деректері бойынша 9,5 мыңға жуық келушілер тіркелген.

дайындалды. ҚР-ның 2013–2016 жылдарға арналған жасыл экономикаға көшуі бойынша бірінші ұлттық баяндама зерделеніп, талданды. Алдыңғы материалдарды зерделеу қорытындысы бойынша қосымша түзетулер енгізе отырып, Ұлттық баяндама құрылымы өзектендірілді.

Осылайша, 2017–2018 жылдардағы Ұлттық баяндама құрылымының жобасы мынадай ресурстарды пайдалануға байланысты бағыттар мен секторларды қамтиды:

- су ресурстарын тұрақты пайдалану;
- тұрақты және өнімділігі жоғары ауыл шаруашылығын дамыту;
- энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру;
- электр энергетикасын дамыту, қалдықтарды басқару жүйесі;
- ауаның ластану деңгейін төмендету;
- экожүйелерді сақтау және тиімді басқару.

Ұлттық баяндаманың бекітілген құрылымына сәйкес «жасыл» экономиканың дамуын бағалау үшін ЮНЕП, Дүниежүзілік банк, БҰҰ ЕЭК, АТМЭЭК, ЭЫДҰ, ФАО сияқты және басқа да халықаралық ұйымдардың, БАҚ-тағы әртүрлі жарияланымдардың материалдарын жинау және талдау бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізіледі.

БІЗДІҢ ЖОБАЛАР:

Қазақстандық «Jasyl Jol» электромобильдерінің автошеруі

2019 жылғы 5 маусымда «Нұр-Сұлтан – Бұрабай – Нұр-Сұлтан» бағыты бойынша «Jasyl Jol» алғашқы қазақстандық электро-мобильдер автошеруі өтті. Іс-шараны ҚР-дағы БҰҰ даму бағдарламасы мен ҚР Энергетика министрлігінің қолдауымен Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы ұйымдастырды. «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ серіктес болды.

Орталық ең озық қолжетімді технологи-яларды пайдалана отырып, Қазақстанда «жасыл» технологияларды пайдаланып

жұмыс істейтін жеңіл электромобильдердің ғана емес, сондай-ақ жүк электромобильдері, арнайы техника, автобустардың жеке өндірістерінің ашылуына, сонымен қатар тиісті инфрақұрылымдардың құрылуына мүмкіндік туғызуға ұмтылады. Бұл – экспортқа бағдарлануға мүмкіндігі бар мыңдаған жаңа жұмыс орындарын ашуға және бизнестің перспективалы бағыттарын құруға мүмкіндік береді.

Шортанды-Бурабай және Баянауыл курорттық аймақтарында ҚТҚ басқару жүйесін дамытуға арналған «жасыл» технологиялар

Жоба ЕҚЫҰ-ның қаржылық қолдауымен және Ақмола және Павлодар облыстары әкімдіктерінің көмектесуімен ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп жүзеге асырылды.

Жобаның мақсаты жергілікті мамандарды қалдықтарды және полигондарды басқару бойынша озық технологиялармен таныстыру, ҚТҚ басқару инфрақұрылымын дамыту үшін білім алмасу болып табылады.

Жобаны іске асыру шеңберінде курорттық аймақтарда қалдықтарды басқару бойынша ағымдағы жағдайға талдау жүргізілді. ҚТҚ басқару жүйесін жақсарту бойынша ұсыныстар берілді. Жоба кеңесшілерінің пікірінше, есепте көрсетілген ұсыныстарды қолдану полигонда қалдықтарды көму көлемін 75%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Есеп Орталықтың сайтында жарияланған.

«Waste-to-energy» жобасы

2020 жылы Орталық қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу есебінен жұмыс істейтін электр станцияларын салу үшін жағдай жасау бойынша жобаны орындауға кірісті.

Жоба Қазақстанның алты аймағындағы полигондардағы ҚТҚ-ның морфологиялық құрамын, физикалық-химиялық қасиеттерін және энергетикалық көрсеткіштерін зерделеуді, ҚТҚ-мен жұмыс істейтін электр станцияларының құрылысы үшін технологиялық құжаттамалар мен инженерлік-геологиялық іздестірулерді дайындауды, инвесторларды іріктеу бойынша жобалық аукционды ұйымдастыруды және басқа да бағыттарды көздейді.

Қазақстанда тұрмыстық қалдықтармен жұмыс істеу проблемасы күрделі мәселе және озық халықаралық тәжірибені пайдалану негізінде жоспарлы шешуді талап етеді. Қазіргі уақытта еліміздің 3,5 мың полигонында 120 млн тоннадан астам қалдық жинақталған және жыл сайын 4,5 млн тоннадан астам ҚТҚ түзіледі. 16 мың гектар жерді алып жатқан 3 520 ҚТҚ полигонының 623-і ғана экологиялық және санитарлық талаптарға сәйкес келеді. 27 полигон белгіленген қуат нормативінен артық жұмыс істейді. Сонымен қатар, Қазақстанда ҚТҚ сұрыптау және қайта өңдеу бүгінгі күні 15%-дан аспайды, ал әлемдік тәжірибеде бұл көрсеткіш 70%-ға тең.

Жобаны іске асыру ҚТҚ-мен жұмыс істейтін электр станцияларын салуға бәсекелі негізде инвестициялар тарту үшін жағдай жасауға бағытталған.

«Оператор РОП» ЖШС жобаның тапсырысшысы болып табылады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

*«Тіімді корпоративтік басқару –
қайырымдылық және коммерциялық емес
ұйымдардың тіршілік көзі».*

*(Невилл Бейн, Роджер Баркер «Тіімді
директорлар кеңесі» кітабынан)*

IGTIC
INTERNATIONAL GREEN TECHNOLOGIES & INVESTMENTS CENTER

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСЫЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ОРТАЛЫҒЫ» КЕАҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлер:

- Қоғамның құрылтайшысы – Қазақстан Республикасының Үкіметі. Акционер ретінде мемлекеттің қоғамды басқаруға қатысу құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті жүзеге асырады. Қоғамның 60 237 акциясындағы мемлекеттік пакетті иелену және пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі жүзеге асырады.
- «Қазақстанның экологиялық ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі қоғамның 60 238 акция көлемінде акцияларына иелік етеді.

2019 жылғы 19 тамызда «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына, корпоративтік және этикалық нормалар мен корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес әзірленген Корпоративтік басқару кодексі бекітілді.

Директорлар кеңесі

Акционерлердің жалпы жиналысының 2019 жылғы 19 тамыздағы қабылданған шешіміне сәйкес Қоғамда Директорлар кеңесінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімі анықталды, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелері сайланды.

2020 жылғы 21 мамырдағы Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында Директорлар кеңесінің сандық құрамы өзгертілді. Акционерлердің шешімімен Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы болып Ереншінов Данияр Қағазбекұлы тағайындалды. Жоғарыда көрсетілген шешімдерге сәйкес келесі құрам бекітілді:



Ереншінов Данияр Қағазбекұлы

Директорлар кеңесінің Төрағасы, тәуелсіз директор

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Туған жылы: 1971 жылғы 29 қараша
Алғашқы сайланған күні: 2020 жылғы 21 мамыр
Компанияның жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді
Стратегиялық басқару, экологиялық реттеу және бақылау саласындағы сарапшы.



Рахметов Нұрлан Құсайынұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, Акционердің мүддесін білдіреді

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Туған жылы: 1965 жылғы 24 қыркүйек
Алғашқы сайланған күні: 2019 жылғы 19 тамыз
Компанияның жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді
Стратегиялық басқару, экономика, қаржы және аудит саласындағы сарапшы,
Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі,
Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің мүшесі.



Соловьева Айгүл Сағадибекқызы

Директорлар кеңесінің мүшесі, Акционердің мүддесін білдіреді

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Туған жылы: 1952 жылғы 17 қаңтар
Алғашқы сайланған күні: 2018 жылғы
Компанияның жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді
Қоғамдық бақылау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сондай-ақ экология мәселелері жөніндегі сарапшы.



Пірімқұлов Ахметжан Әбдіжәмілұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, Акционердің мүддесін білдіреді

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған жылы: 1979 жылғы 25 наурыз

Алғашқы сайланған күні: 2019 жылғы 19 тамыз

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Заңтану, сондай-ақ экология, геология және табиғи ресурстар мәселелері жөніндегі сарапшы.



Тойбаев Амангелді Сағынбайұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, Акционердің мүддесін білдіреді

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған жылы: 1966 жылғы 13 желтоқсан

Алғашқы сайланған күні: 2019 жылғы 19 тамыз

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Мүлікті жекешелендіру, қаржы мәселелері жөніндегі сарапшы.



Қанапиянов Шыңғыс Сержанұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған жылы: 1978 жылғы 31 шілде

Алғашқы сайланған күні: 2019 жылғы 22 қазан

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Экономика, халықаралық ынтымақтастық саласындағы сарапшы.

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің төрағасы, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің мүшесі, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің мүшесі.



Кевин Ким (Kevin Kim)

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Азаматтығы: Америка Құрама Штаттары

Туған жылы: 1954 жылғы 20 шілде

Алғашқы сайланған күні: 2019 жылғы 19 тамыз

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Қаржы және аудит саласындағы сарапшы.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің төрағасы, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің мүшесі, Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің мүшесі.



Вильям Бьюн (William I.Y. Byun)

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

Азаматтығы: Америка Құрама Штаттары

Туған жылы: 1961 жылғы 6 желтоқсан

Алғашқы сайланған күні: 2019 жылғы 22 қазан

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Жаңартылатын энергия көздері және климаттың өзгеруі саласындағы сарапшы.

Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы, Аудит және тәуекелдер комитетінің мүшесі, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитетінің мүшесі.



Жанпейісов Рамазан Кәпесбайұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған жылы: 1982 жылғы 29 шілде

Алғашқы сайланған күні: 2019 жылғы 17 қыркүйек

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Энергетиканы тұрақты дамыту және қоршаған ортаны қорғау саласындағы сарапшы.

Қоғамның Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін, Қоғамға стратегиялық басшылықты және Басқарма қызметіне бақылауды жүзеге асыратын, акционерлер алдындағы қызметтің толық ашықтығын қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады, өз функцияла-

рын «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға, Қоғам Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі отырыстарының саны

Отырыстар саны	5
Көзбе-көз нысанда	4
Сырттай нысанда	1

Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы

Рахметов Нұрлан Құсайынұлы	100%
Пірімқұлов Ахметжан Әбдіжәмілұлы	100%
Соловьева Айгүл Сағадібекқызы	100%
Тойбаев Амангелді Сағынбайұлы	100%
Жанпейісов Рамазан Кәпесбайұлы	100%
Қанапиянов Шыңғыс Сержанұлы	100%
Кевин Ким	100%
Вильям Бьюн	100%

Директорлар кеңесінің отырыстарында 28 мәселе қаралып, олар бойынша шешімдер қабылданды.

Қоғамның жаңа редакциядағы Жарғысына сәйкес атқарушы органның қызметін жеке-дара жүзеге асырған басшы Басқарма деп өзгертілді.

Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес Директорлар кеңесі басқарманың сандық құрамын, оның өкілеттік мерзімін анықтады, сондай-ақ Басқарма Төрағасын, Төраға орынбасарларын сайлады, лауазымдық жалақы мөлшерін белгіледі. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғам қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Даму стратегиясын және/немесе Даму жоспарын және Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдердің іске асырылуына жауапты болады.

Директорлар кеңесі Қоғам мүддесі үшін және акционерлерге әділ қарым-қатынасты және орнықты даму қағидаттарын ескере отырып іс-қимыл жасап, Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына ықпал етті. Қоғамның 2020–2024 жылдарға арналған даму стратегиясы алдын ала

мақұлданды, сондай-ақ 2020–2024 жылдарға арналған даму жоспары бекітілді.

Қоғам қызметінің тиімділігін бағалауды анықтау үшін Директорлар кеңесі 2020 жылға арналған Басқарма мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштерінің (ҚНҚ) карталарын қарап, бекітті, Қоғам қызметінің негізгі бағыттары бойынша нәтижелерге қол жеткізу үшін Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің жауапкершілігі бекітілді.

Есепті кезеңде Директорлар кеңесі Қоғамның қызметін реттейтін және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін 7 (жеті) ішкі нормативтік құжатты бекітті.

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп саласындағы заңнамасының талаптарын орындау шеңберінде Қоғамның Директорлар кеңесі 2018 жылғы жылдық қаржылық есептілікті Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына шығару үшін алдын ала бекітті.

2019 есептік жылы Директорлар кеңесіне арналған шығыстар салықтар мен төлемдерді ескере отырып 19 284 021 теңгені, оның ішінде тәуелсіз директорлардың сыйақысы – 16 687 162 теңгені құрады.

Қоғам сыйақыларды қаржылық мүмкіндіктерге сүйене отырып және Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес төледі.

Қоғам шығыстарды ұсынылған растаушы құжаттар бойынша, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеде көзделген іссапар шығындарын төлеу нормалары шегінде төледі.

Директорлар кеңесінің комитеттері

«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңының 53-1-бабының 1-тармағына сәйкес аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 8 қарашадағы шешімімен төмендегі комитеттер құрылды:

1. Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет;

2. Аудит және тәуекелдер комитеті;

3. Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет,

сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ереже бекітілді.

Комитет мүшелері болып Қоғамның директорлар Кеңесінің құрамынан Директорлар сайланды. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес комитеттердің төрағалары болып тәуелсіз директорлар сайланды.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет Қоғам қызметінің басым бағыттарын, Қоғамның Даму стратегиясын келісімнен өткізу мәселелерін қарайды, Даму стратегиясын

іске асыру жоспарының орындалуы жөніндегі есептерді тыңдайды, сондай-ақ Қоғамның Даму жоспарын алдын ала мақұлдайды.

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің құрамы:

ТАӘ	Лауазымы
Вильям Бьюн	«ХЖТИЖО» КЕАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор – Комитет Төрағасы
Кевин Ким	«ХЖТИЖО» КЕАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Qazaq Air JSC тәуелсіз директоры
Қанапиянов Шыңғыс Сержанұлы	«ХЖТИЖО» КЕАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ тәуелсіз директоры
Рахметов Нұрлан Құсайынұлы	Директорлар кеңесінің Төрағасы, Акционердің мүддесін білдіреді

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелігіне кандидаттарды іріктеу өлшемдерін айқындайды, Қоғамның осы адамдарды марапаттау немесе көтермелеу саласындағы саясатын әзірлейді, Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелерінің қызметін тұрақты бағалайды. Комитеттің функциясына Басқарма Төрағасы мен мүшелерін тағайындау (сайлау), мотивациялық KPI

қою, қызметтерін бағалау, сыйақы белгілеу және олардың сабақтастығын жоспарлау мәселелерін, Корпоративтік хатшы мен Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін тағайындау және сыйақы беру мәселелері жатады, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысы осындай өкілеттіктер берген жағдайларда Директорлар кеңесінің құрамына қатысты көрсетілген мәселелерді қарауға қатысады.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құрамы:

ТАӨ	Лауазымы
Вильям Бьюн	«ХЖТИЖО» КЕАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор – Комитет Төрағасы
William I.Y. Byun	member of the Board of Directors of IGTIPC NCJSC
Қанапиянов Шыңғыс Сержанұлы	«ХЖТИЖО» КЕАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ тәуелсіз директоры
Рахметов Нұрлан Құсайынұлы	Директорлар кеңесінің Төрағасы, Акционердің мүддесін білдіреді

2019 есептік жылы Стратегиялық жоспарлау комитеті мен Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің бірлескен бір отырысы өткізілді, онда Қоғамның 2020–2024 жылдарға арналған даму

стратегиясы, 2020–2024 жылдарға арналған даму жоспары, сондай-ақ Қоғам Басқармасы мүшелерінің мотивациялық KPI бекіту мәселелері қаралды. Комитеттердің жұмысына бөгде сарапшылар тартылған жоқ.

Аудит және тәуекелдер комитеті

«ХЖТИЖО» КЕАҚ Директорлар кеңесі жанындағы Аудит және тәуекелдер комитеті Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 8 қарашадағы шешімімен бекітілген Комитеттер туралы ереже негізінде құрылды және жұмыс істейді (№ 02/03 хаттама).

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің мақсаты Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауға байланысты мәселелерді алдын ала қарау бөлігінде Директорлар кеңесінің функцияларын тиімді орындауға жәрдемдесу болып табылады.

Комитеттің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

- Қоғамның бухгалтерлік (қаржылық) есептілігінің қалыптасуын қадағалау.
- Ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің жұмыс істеуінің сенімділігі мен тиімділігін бақылау.
- Ішкі аудит функциясын жүзеге асырудың тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету.
- Сыртқы аудиттің жүргізілуін және сыртқы аудиторды таңдауды қадағалау.

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің құрамы:

ТАӨ	Лауазымы
Қанапиянов Шыңғыс Сержанұлы	«ХЖТИЖО» КЕАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ тәуелсіз директоры – Комитет Төрағасы
Кевин Ким	«ХЖТИЖО» КЕАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Qazaq Air JSC тәуелсіз директоры
Вильям Бьюн	«ХЖТИЖО» КЕАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

Комитет 2019 жылы бір көзбе-көз отырыс өткізді, онда Ішкі аудит қызметінің басшысы

лауазымына кандидатураны алдын ала бекіту туралы мәселе қаралды.

Комитет мүшелерінің 2019 корпоративтік жылдағы отырыстарға қатысуы туралы ақпарат

ТАӨ	Комитет мүшесі жеке өзі қатысқан отырыстар саны	Комитет мүшесі сауалнама парағын жіберу арқылы қатысқан отырыстар саны	Көзбе-көз қатысу пайызы, %	Қатысу пайызы, %
Қанапиянов Шыңғыс Сержанұлы	1	0	100	100
Кевин Ким	1	0	100	100
Вильям Бьюн	1	0	100	100

Корпоративтік хатшы

Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыру, Қоғамның барлық органдарының өзара іс-қимыл жасауы мақсатында Директорлар кеңесі Корпоративтік хатшыны – Сманов Данияр Дінікүлұлын тағайындады, оның өкілеттік мерзімі, функциялары мен қызмет тәртібі,

лауазымдық жалақы мөлшері мен сыйақы шарттары анықталды.

Корпоративтік хатшы Қоғамның қызметкері болып табылады және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді.

Ішкі аудит қызметі

Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін Директорлар кеңесінің шешімімен ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес

жұмыс істейтін ішкі аудит қызметі құрылды, сондай-ақ ІАҚ басшысы – Жұмағалиева Адия Фаритқызы тағайындалды.

Басқарма

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның ағымдағы қызметін Қоғам мүддесінде әрекет ететін және Директорлар кеңесі мен Акционерлердің жалпы жиналысына есеп беретін Басқарма нысанындағы алқалы атқарушы орган басқарады.

Басқарма Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 16 қыркүйектегі Басқарма құрамын 3 (үш) адамнан 3 (үш) жыл өкілеттік мерзімге белгілеу туралы шешімімен (№ 02/01 хаттама) құрылды.

Осы шешіммен атқарушы органның функцияларын жеке-дара орындаған Қоғам басшысы Р.С. Жошыбаевтың өкілеттігі тоқтатылды және 2019 жылғы 17 қыркүйектен бастап атқарушы орган – Басқарманың жаңа құрамы сайланды.

Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің өз функцияларын орындау үшін қажетті

БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ

Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Акционерлердің жалпы жиналысы мен Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдеріне, оның ішінде Басқарма туралы ережеге және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Басқарма туралы ереже Басқарманың мәртебесін, құрылу және жұмыс істеу тәртібін, Басқарма мүшелерінің құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, Басқарма отырыстарын шақыру, өткізу тәртібін, Басқарма жұмысының регламентін айқындайды.

жеткілікті білімі, дағдылары мен тәжірибесі бар, сондай-ақ мінсіз іскерлік және жеке абырой-беделі бар.

Қоғам Басқармасының мүшелері Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады, Қоғамның акцияларына, Қоғамның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарма құрамында:

- *Басқарма Төрағасы – Жанпейісов Рамазан Көпесбайұлы (сайланған күні – 2019 жылғы 17 қыркүйек)*
- *Басқарма Төрағасының орынбасары – Бейсеева Гаухар Халилқызы (сайланған күні – 2019 жылғы 17 қыркүйек)*
- *Басқарма Төрағасының орынбасары – Әбілқайыров Дәулет Мақсұтұлы (сайланған күні – 2019 жылғы 17 қыркүйек)*

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, Қоғам Жарғысымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы. 2019 жылғы 17 қыркүйек пен 31 желтоқсан аралығында басқарма 5 көзбе-көз отырыс өткізді, 17 мәселе қаралды. Қаралған негізгі мәселелер: Қоғамның ұйымдық құрылымын және штат кестесін бекіту туралы, Қоғамның бюджетін түзету туралы және оның орындалуы туралы есеп, Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына мәселелерді шығару туралы.

Басқарма құрамы:



Жанпейісов Рамазан Көпесбайұлы

Басқарма Төрағасы

Сайланған күні – 2019 жылғы 17 қыркүйек
Энергетиканы тұрақты дамыту және қоршаған ортаны қорғау саласында мол тәжірибесі бар. 2009 жылғы желтоқсанда Джордж Вашингтон Университетін Master of Science in Engineering Management дәрежесімен «Энергетика және қоршаған ортаны қорғау саласындағы менеджмент» мамандығы бойынша аяқтады. Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің қызметіне жалпы бақылау жасайды, үйлестіреді және басқарады, Басқарма мүшелерінің, Басқарма Төрағасының кеңесшісінің, Аппарат басшысының, ФТД және ФТК кеңесінің, Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму департаментінің, қаржы қызметінің, HR қызметінің және баспасөз қызметінің қызметін тікелей бақылайды, үйлестіреді және басқарады.

Әбілқайыров Дәулет Мақсұтұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары

Сайланған күні – 2019 жылғы 17 қыркүйек
Халықаралық қатынастар, әлеуметтік жобаларды басқару, халықаралық инвестицияларды тарту, кәсіпкерлікті дамыту саласындағы сарапшы. ММХҚИ және Назарбаев Университетінің Жоғарғы менеджмент мектебін Executive Master of Business Administration бағдарламасы бойынша бітірген. «Жасыл» технологиялар және жобалар департаментінің, Бизнес және инвестицияларды қолдау департаментінің, Халықаралық ынтымақтастық және климаттық инвестициялар департаментінің жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.

Сағидолла Дәурен Сағидоллаұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары

Сайланған күні – 2020 жылғы 2 наурыз
Энергетика саласындағы ірі жобаларды басқару, бизнесті дамыту мен трансформациялауды басқару саласындағы сарапшы. Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығының еңбек сіңірген энергетигі. 1996 жылы КИМЭП Master of Business Administration бағдарламасы бойынша аяқтады. Ең озық қолжетімді технологиялар бюросының және ФТД мен ФТК кеңесінің жұмысына жетекшілік етеді және үйлестіреді.

Жиенбаева Мадина Мұратқызы

Басқарма Төрағасының кеңесшісі

2019 жылдан бастап «Халықаралық жасыл технологиялар орталығы» КЕАҚ Басқарма Төрағасының стейкхолдерлермен ішкі өзара іс-қимылды үйлестіру бойынша кеңесшісі болып қызмет етеді. Бұдан басқа, «Қоғамдық маңызы бар бастамаларды дамыту қоры» ЖҚ стратегиялық даму бағытын басқарады. Қоғамдық салада және бизнес-құрылымдарда мол әрі табысты жұмыс тәжірибесі бар. Париждегі (Франция) Америка университетін Халықаралық экономика бакалавры дәрежесімен, Бристоль университетін және Варвик университетін (Ұлыбритания) бітірді, онда экономика мен қаржыны оқыды. Халықаралық бағдарламалардың, оның ішінде Женева университетінің, «Балалар құқығы» курсының сертификатталған маманы, сондай-ақ «Нұр Отан» партиясы жанындағы балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі кеңестің қазіргі мүшесі болып табылады.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ

IGTIC
INTERNATIONAL GREEN TECHNOLOGIES & INVESTMENTS CENTER



ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Тұрақты даму – «жасыл» өсу үшін маңызды контекст болып табылады.

Орталық өз қызметінде Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшуіне ықпал ете отырып, мынадай қағидаттарға сәйкес болуға ұмтылады:

- халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және құрметтейді;
- адам құқықтарының бұзылмауын қамтамасыз етеді;
- ұжымдық шарттар жасасу құқығын қолдайды және құптайды;

Мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас

Мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас орната отырып, Орталық мынадай базалық қағидаттарды басшылыққа алады:

- барлық мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу және ескеру;
- өз қызметі туралы мақсатты аудиторияларға жан-жақты ақпарат беру;
- мемлекеттік бағдарламаларды, жекелеген ішкі рәсімдерді (сатып алу, жұмысқа қабылдау, қаржылық және қаржылық емес

Адами ресурстарды басқару саясаты

Кадр саясатының міндеті – Орталықтың дамуына және тиімділігін арттыруға құнды үлес қосуға қабілетті кәсіпқойларды тарту және Орталықта тұрақтату, сондай-ақ адами ресурстарға салынған инвестициялардан барынша мол табыс табу.

Бүгінгі таңда адами ресурстардың рөлі компания қызметіндегі маңыздылықты арттыру және сәйкесінше компания құнын арттыру жағына ауысты. Кәсіби дағдылар,

- мәжбүрлі және бала еңбегін, еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюға ықпал етеді;
- сақтық қағидатына негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдайды;
- қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдайды;
- экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдеседі;
- бопсалау және парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне және басқа да құқыққа қарсы әрекеттерге төзбеушілік туралы мәлімдейді.

қызметтерді ұсыну) іске асыру, сондай-ақ қаржы қаражатын пайдалану бөлігінде объективтілікті, дәйектілікті, тәуелсіздікті және ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ету;

- барлық мүдделі тараптармен ашық және нәтижелі ынтымақтастықты қамтамасыз ету;
- мүдделі тараптар алдында өзіне алған міндеттемелерді орындау;
- мүдделі тараптармен тұрақты негізде кері байланыс жасау.

біліктер, ноу-хауды игеру қабілеті шешуші рөл атқаратын салалар шеңбері үнемі кеңейіп келеді.

Экономиканың барлық салаларында инновацияларды дамытудың өсу қарқыны тұтастай алғанда, әсіресе «жасыл» технологиялар саласында еңбек нарығының сапасына жаңа талаптар қойып отыр.

Адами капитал физикалық активтерге немесе қаржылық капиталға қарағанда біздің нарықтағы тұрақты бәсекелік артықшылығымыз болып табылады.

Адами капиталды басқару қызметкерлерге өз әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік беру үшін, олардың тәжірибесі мен білімін тиімді пайдалануға жәрдемдеседі.

Кадр саясатының негізгі қағидаттары

Стратегиялық тәсіл: персоналды басқару жүйесі Қоғам стратегиясын іске асыруға бағытталған және адами ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру арқылы бизнестің тиімділігін арттыруға бағытталған Қоғам менеджментінің негізгі функциясы болып табылады.

Жүйелілік және тұтастық: персоналды басқару жүйесінің барлық процестері динамикалық, өзара байланысты және өзара тәуелді. Қызметкерлермен Қоғамның барлық басқару деңгейлерінің басшылары жұмыс істейді.

Әлеуметтік әріптестік: персоналды басқару саласындағы саясат қызметкерлер мен Қоғам басшылары арасындағы қарым-қатынаста тараптардың өзара сыйластығы, іс-қимылдарының келісімділігі және жауапкершілігі шеңберінде жүргізіледі.

Өзара қарым-қатынастың ұзақ мерзімді сипаты: Қоғам қызметкерлермен ұзақ мерзімді өзара қарым-қатынас орнатуға ұмтылады.

Қызметкерлердің біліктілігінің лауазымға қойылатын талаптарға сәйкестігі: Орталықта лауазымдарға функционалдық тағайындау мамандардың біліктілік

талаптарына сәйкестігін ескере отырып, кандидаттарды ашық конкурстық іріктеу арқылы жүзеге асырылады. Бос жұмыс орындарын алмастыру кезінде ішкі кадр резерві мен сыртқы ресурстарды орынды үйлестіру, сабақтастықты қамтамасыз ете отырып, кадр құрамын жаңарту көзделеді.

Білім мен тәжірибенің сабақтастығы, қызметкерлерді дамыту және оқытуға баса назар аудару: Орталық өз қызметкерлері үшін кәсіби білім мен дағды деңгейін арттыру, кәсіби, шығармашылық қабілеттерін іске асыру, мансаптық өсу әлеуеті мен мүмкіндіктерін дамыту үшін жағдай жасайды. Қоғам қызметкерлердің кәсіби дамуы кезінде оларды көтермелеу және ротациялау және жұмыстан босату жағдайында ақпарат беру арқылы жинақталған білім мен тәжірибеге қол жеткізу жүйесін құрады.

Сіңірген еңбегі мен қол жеткізген қызмет нәтижелері бойынша сыйақы беру және ілгерілету: Орталықта ішкі стандарттарды (лауазымдық нұсқаулықтар, қызметтің түйінді көрсеткіштері, құзыреттерді, білім мен дағдыларды сипаттау және т. б.) жасау, сондай-ақ оларды орындау сапасын бағалау, стандарттарға сәйкес келетін және жұмыстың жоғары нәтижелеріне қол жеткізетін қызметкерлерді ынталандыру және көтермелеу арқылы қызметкерлер қызметінің тиімділігін басқару жүйесі енгізілуде. Орталық жеке жұмыстың тиімділігін арттыруға ғана емес, сонымен бірге қызметкерлердің жалпы нәтижесі үшін корпоративтік жауапкершілікті қалыптастыруға алғышарттар жасайды.

Құқықтық қорғау: Орталық өз қызметкерлерімен еңбек қатынастарын заңды және легитимділікті сақтай отырып құрады.

Персоналдың саны мен сапалық құрамы

2019 жылғы қызметкерлер саны туралы деректер

«ХЖТИЖО» КЕАҚ	Қызметкерлер саны (барлығы, жынысы бойынша, жасы бойынша)					
	барлығы	оның ішінде әйелдер	оның ішінде ерлер	16–28 жас	29–49 жас	50 жастағылар және жасы 50-ден асқандар
2019 жылдың соңындағы қызметкерлер саны	59	28	31	9	40	10

Білімі: жоғары, оның ішінде техникалық

Қызметкерлер:	Ғылыми дәрежесі	Жоғары білім	Техникалық білім
Басқарма мүшелері	1	3	1
Әкімшілік-басқару персоналы	1	17	7
Өндірістік персонал	4	39	16
Жиыны:	6	59	24

Персоналды оқыту және дамыту: барлық оқытылғандар, оның ішінде өндірістік персонал және ТОП (конференцияларға қатысу, тәжірибе алмасу, форумдар)

Қызметкерлерді оқыту және дамыту	Басқарма мүшелері	Әкімшілік-басқару персоналы	Өндірістік персонал
	3	1	21

Еңбекті қорғау

Жауапты жұмыс беруші ретінде Орталық жұмыс орындарындағы қызметкерлердің еңбегін дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасының осы саладағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға ұмтылады. Қызметкерлер өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Орталықтың саясатына сәйкес және Қазақстан

Республикасының заңнамасы негізінде қабылданған және әзірленген қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтайды. Орталық еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқыту іс-шараларын – семинарлар, төтенше жағдайлар кезінде Орталық ғимаратынан эвакуациялау бойынша оқу-жаттығулар өткізеді.

Қоршаған ортаны қорғауға қосқан үлесіміз

Орталық өз қызметінің сипатына байланысты қоршаған ортаға тікелей елеулі әсер етпейді. Орталық тұтынатын негізгі ресурстар – электр энергиясы, жылу энергиясы және су.

Орталық қоршаған ортаға қолайсыз әсердің алдын алуды барынша қамтамасыз ететін ресурстарды ұтымды пайдалану қағидалары мен әдістерін қолданады.

Орталық өз қызметінде ресурстарды шамадан тыс тұтынуды қысқартуға және энергия тиімді технологияларды енгізу, суды тұтынуды азайту, электрондық құжат айналымы жүйесін және екі жақты басып шығару тәжірибесін енгізу арқылы кеңсе қажеттіліктері үшін қағаз шығынын азайту арқылы қолданыстағы теріс экологиялық әсерді азайтуға ұмтылады.

«Жасыл кеңсе»

Орталық ғимараты ресурстарға ұқыпты қарау технологияларын ескере отырып, «ЭКСПО» іскерлік орталығының аумағында орналасқан. Ғимаратты басқарудың автоматтандырылған жүйесі автономды және қашықтықтан басқаруды және жабдықтар

мен тіршілікті қамтамасыз ететін ішкі инженерлік жүйелердің мониторингін қамтамасыз етеді.

Қызметкерлердің бастамасы бойынша кабинеттер мен жұмыс орындарын көгалдандыру жүргізіледі. Қағазды ұтымды пайдалану мақсатында әр кеңседе макулатура жинауға арналған жәшіктер орнатылған.

Орталық қызметкерлерінің бір бөлігі жылы мезгілде кеңсеге электр көлігімен және велосипедпен қатынайды.

Сондай-ақ, қызметкерлер жалпықалалық сенбіліктер мен қалалық экологиялық акцияларға белсенді қатысады. 2019 жылдың шілдесінде ХЖТИЖО қызметкерлері «Бірге-Таза Қазақстан!» республикалық эко-челленджіне қатысып, қолдау көрсетті. Еріктілер Қоянды су қоймасының аумағын тазартты. Бірнеше сағат ішінде белсенділер 10 тоннадан астам қоқыс жинады.

Біздің қызметкерлер сонымен қатар Дүниежүзілік тазалық күні мен ағаш отырғызу күніне арналған жалпықалалық сенбілікке де қатысты.

ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ

IGTIC
INTERNATIONAL GREEN TECHNOLOGIES & INVESTMENTS CENTER

2019 жылы Орталықтың негізгі мақсаттары мен міндеттері 044 «Технологиялар мен үздік тәжірибелерді ілгерілету, бизнес пен инвестицияларды дамыту арқылы Қазақстанның «жасыл» экономикаға жылдам көшуіне ықпал ету» республикалық бюджеттік бағдарламасын орындау шеңберінде көрсеткіштерге қол жеткізу болып табылды. Бұл көрсеткіштер 100% орындалды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2020 жылғы 29 сәуірдегі № 02/07 хаттама) 2019 жылғы даму жоспарын орындау жөніндегі есепке сәйкес, кірістер ҚҚС-ны есепке алмағанда 1 042,3 млн теңгені құрады, бұл жоспарлы көрсеткіштен 198,3 млн теңгеге немесе 24%-ға артық.

ҚЕХС талаптарына сәйкес, Қоғамға 189,9 млн теңге сомасында мемлекеттік субсидиялар түрінде (болашақ кезеңдердің кірістері) өтеусіз негізде берілетін үй-жайды жалға алу бойынша ақшалай емес кіріс берілді.

Қоғамның 2019 жылғы шығыстары 976,5 млн теңгені құрады, бұл ҚҚС-ны есепке алмағанда 170 млн теңгеге жоғары немесе жоспарлы көрсеткіштің 21%-ы. Өсім ХҚЕС талаптарына сәйкес өтеусіз негізде жалға берілген кеңселік үй-жайдан 179,9 млн теңге сомасына активтердің амортизациясы түріндегі ақшалай емес шығыстарды және 51 млн теңге мөлшеріндегі пайыздар бойынша шығыстарды есепке алуға байланысты.

2019 жылғы нақты ақшалай шығыстар 744 млн теңгені құрады, бұл жоспарлы көрсеткіштен 62,5 млн

теңгеге немесе 8%-ға төмен. 2019 жылы 87,5 млн теңге сомасына негізгі құралдар сатып алынды – сатып алу қорытындысы бойынша қалыптасқан үнемдеу нәтижесінде бұл көрсеткіш жоспарлы көрсеткіштен 0,9 млн теңгеге аз болды.

Нақты еңбекақы төлеу қоры 2019 жылы жоспарланғаннан 97,7 млн теңгеден (17%) кем болып, 472,9 млн теңгені құрады. Орташа айлық еңбекақы қоры 39 401 мың теңгені құрады.

Корпоративтік табыс салығы, әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар, қосылған құн салығы және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша барлық салық төлемдері ҚР Салық кодексінің талаптарына сәйкес есептеліп, төленді және 178 млн теңгені құрады.

2019 жылдың соңында қаржылық көрсеткіштер келесідей қалыптасты: активтер – 529,1 млн теңге, міндеттемелер – 377,7 млн теңге, капитал – 151,4 млн теңге. Капитал жарғылық капиталды және 30,9 млн теңге мөлшеріндегі бөлінбеген пайданы қамтиды. Салық салынғанға дейінгі табыс 65,8 млн теңгені, таза табыс – 4,9 млн теңгені құрады.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражатының қозғалысы қорытындысы бойынша банк шоттарындағы қаражат қалдығы 6,6 млн теңге деңгейінде тіркелді.

АУДИТ



АУДИТ

Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның 2019 жылға аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ретінде Grant Thornton жауапкершілігі шектеулі серіктестігін белгіледі (2020 жылғы 18 наурыздағы № 01-20 хаттама).

Grant Thornton – жетекші бизнес-кеңесші, капитал нарығы, реттеуші органдар және халықаралық стандарттарды анықтайтын

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен Қоғамның 2019 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі бекітілді (2020 жылғы 21 мамырдағы № 02-20 хаттама). ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес бекітілген жылдық қаржылық есептілік

органдар құптаған әлемдегі ең ірі кәсіби қызмет көрсету ұйымдарының бірі.

Grant Thornton серіктестері мен негізгі қызметкерлері US CPA, ACCA, CIA, CMA, US ASA, MRICS, кәсіби бухгалтер, білікті аудитор және Қазақстан Республикасының сертификатталған бағалаушысы сияқты отандық және халықаралық сертификаттардың иегерлері болып табылады.

Қазақстан Республикасының Орталық қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында орналастырылған.

БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Жылдық есепке немесе Қоғамның қызметіне қатысты кез келген мәселе бойынша «ХЖТИЖО» КЕАҚ хабарласуыңызды өтінеміз.

Біздің мекенжайымыз:

55/4, Мәңгілік Ел даңғылы
Нұр-Сұлтан қаласы
01000 Қазақстан Республикасы
<https://www.igtipc.org/>
телефоны: +7 7172 797-795

Біздің электронды мекенжайымыз: info@igtipc.org

